

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№ 1 | 2023

ZANMEDIA.KZ



ТЕГІ МЫҚТЫ ТӘЛІМДІ ТҰЛҒА

*Нұрсапа ПРИМАСШЕВ,
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНЫҢ СУДЬЯСЫ*

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№1 | 2023

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

ТЕГІ МЫҚТЫ ТӘЛІМДІ ТҰЛҒА

Т. Смағұлқызы

3

Конституциялық Сот заң үстемдігін қамтамасыз етеді

Е. Ержанұлы

14

Тіл тәуелсіздігі Конституциямен айқындалуы тиіс

Қ. Иса

17

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құқықтық реттелуі

Л. Сатанова

22

Назгүл ЕСТЕУСІЗОВА,

Қазақстанның ұлттық коллекторлар палатасының төрағасы:

«КОЛЛЕКТОРЛЫҚ АГЕНТТІКТЕ ҚҰҚЫҚ АЗ»

Е. Кебекбай

26

Газ бағасының теңгерімділігі сақталса

А. Тұрмағамбетова

33

Мемлекеттік тілге құрмет — елге құрмет

Н. Қойшыбаев

35

Әр маманның өз орны бар

А. Нурболұлы

37

Алқабі болу — абыройлы міндет

Қ. Омирова

39

Мәжбүрлеу шарасының пәрмені зор

М. Онласов

41

ТЕГІ МЫҚТЫ ТӘЛІМДІ ТҰЛҒА

Атына бұрыннан қанық болсақ та Нұрсапа Маханбетұлымен танысудың сәті бізге Ақтау қаласына жұмыс бабымен барған сапарымызда түсті. Кісілігінен кішілігі басым нар тұлғалы, сырбаз ағамыз М.Лермонтовтың «Жағдайға, уақыт пен жаңа бір табан тіреген орнына қарамастан, өзінің бұрынғы қалпында қала беретін адамдар жұрттың арасында қашанда зор құрметке бөленеді» деген сөзін есімізге түсіріп, адам баласының ел көңілінде атақ-дәрежесімен емес, қарапайымдылығымен қалатынына тағы бір мәрте көзімізді жеткізді.

Күллі түркі жұртының қасиетті мекені, кіші Мекке саналатын Түркістан маңындағы Кентау қаласында дүниеге келіп, судьялық қызметін 362 әулие мекендеген киелі батыс өңірінің Атырау қаласында бастаған Нұрсапа Примашев үшін биыл айтулы кезең. Тегі мықты, тұғыры нық, болмысы биік ағамыз ақпан айының онында ағалық ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі жасқа қадам басады.



ЖІГІТКЕ ЖЕТІ ӨНЕР ДЕ АЗ

Дана халқымыз қашанда мемлекетіміздің жарқын болашағы үшін еңбек еткен аға буынын төрге оздырып, құрметін асырып, үлгі ете білген. Ел арасындағы «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген әдемі сөз соған қалса керек. «Өмір – теңіз, онда жүзем gemeңіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз», – демекші, еліміздің сот жүйесінің дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан Нұрсапа Маханбетұлының Маңғыстау облыстық сотында абыройлы қызмет атқаруы біздің де мәртебемізді асыруда.

Бірімізге аға, бірімізге іні болған Нұрекеңнің сот жүйесіндегі қызметке араласуы сонау егемендік алған беймаза шақпен ұштасып жатыр. Күн сайын бір өзгеріс орын алған жаңа кезеңде алғашқы еңбек жолын сот бөлімінің кеңесшісі болып бастаған Нұрсапа Маханбетұлының бүгінде бағындырған белесі, шыққан шыңы көп. Өзіне ғана тән біліктілігі мен білімділігі Нұрсапа Маханбетұлының дәрежесін арттырып, әріптестерінен дараландырып, қызметте абыройын өсіргі. Қатардағы жетекші маманнан сот алқасының төрағасы лауазымына дейін жетуінің арғы жағында адал еңбегі мен маңдай терінің жемісі жатыр.

«Жігітке жеті өнер де аз», – деген салмақты сөз Нұрекеңе арналып айтылғандай. Бала күнінен гитара шертіп, қоңыр даусымен ұлттық әндерді нақышына келтіре әуелеткенді Нұрекеңнің жаны сүйетінін мерекелік іс-шараларда байқап жүрміз. Сондай-ақ, Нұрсапа Маханбетұлы қызыл тілге жүйрік, сөз өнерін жетік меңгерген жан. Оның бойындағы сөзге шешендік, суырыпсалмалық өнерін көрген сәтте кешегі өткен «от ауызды, орақ тілді» Майқы, Мәтжан, Ермембет билер еріксіз еске түседі.

Замандасым Нұрсапа екеуміз Оңтүстіктің құмында туып өскенімізбен, адал еңбектің дәмі бізге Батыс өңірінен бұйырды. Нұрсапа Маханбетұлымен таныстығымызға 20 жылға жуықтады. Ал, тікелей таныстығымыз соттар арасында өткізілетін түрлі геңгейдегі іс-шаралармен үндесіп жатыр. Осы орайда, Нұрекеңнің спорттық ойындардағы белсенділігіне ерекше тоқталған жөн. Мәселен, Батыс аймақтық соттардың арасындағы спартакиадаға ерлер құрамы шағын футбол, волейбол, теннис, бильярдтан сынға түседі. Осы топтық ойындардың барлығында Нұрсапа «шашасына шаң жұқтырмай» ылғи командасын да жүлделі орын тұғырына алып шығатын.

Нұрсапа Примашевтің ер тұлғасы, кәсіби геңгейінің жоғарылығы, ұлтжандылығы, қазақилығы жүріс-тұрысынан, келбетінен ерекше байқалып тұрады.

«Әділ сот – туралықтың тірегі» десек, әрбір судья үшін туралықтан танбай, ақ пен қараны ажыратып, қос тараптың да көңілінен шыққанынан асқан мәртебе жоқ.

Нұрсапа Маханбетұлын асқаралы 60 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтап, деніне саулық, отбасына амандық, жауапкершілігі мен жүктемесі мол қызметте абырой тілеймін. Әділдіктің ақ жолында мәртебеңіз арта берсін!

Бек ӘМЕТОВ,
Маңғыстау облыстық сотының төрағасы

Ел арасында алпыс жас туралы теңеу көп. Жазушы Шерхан Мұртаза «Алпыс – талтүс» десе, ақын Есенқұл Жақыпбеков «Алпыс деген абырой ғой ақ қарлы» деп жырлаған екен. Алпыстың ақ қарлы шыңына талтүсінде абыроймен шыққалы отырған Н. Примашев 30 жылдан аса уақыттан бері қазылық қызметте. 1992 жылы Атырау қаласының халық сотына халық судьясы болып сайланған Нұрсапа Маханбетұлы бүгінде Маңғыстау облыстық сотында судья. Осы екіаралықта ол талай сыннан өтіп, талай белесті бағындырды. Тәуелсіздіктен бастау алған Қазақстан сотының өсіп-өркендеуінде өзге замандастары сияқты Н.Примашевтің де еңбегі ерен.

Мектепте жақсы оқыған ұлына анасы Шымкент қаласындағы гидромелиоративтік-құрылыс техникумында оқуға кеңес береді. Осылайша 8-сыныпты бітірген бала студент атанды. Оқуды бітіріп, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп, оң-солын таныған жігіттің бар арманы жоғары білім алу болатын, сол мақсатпен ол В.В.Куйбышев атындағы Томск мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсті. Оқуын үздік аяқтап, қатарының алды болып елге оралды.

Дипломды жас заңгерлік еңбек жолын Атырау облысының Әділет басқармасында сот бөлімінің консультанттығынан бастады. Бұдан кейін ол сол жерде аға

**Тергеу
сотының
ашылуы**

маман, жетекші маман болды. Ал, судьялыққа келуіне басқарма басшысы, белгілі заңгер Ирак Елекеевтің «Нұрсапа, Томск мемлекеттік университетін жақсы бітіріпсің, судьялыққа бар» деген ақыл-кеңесі ықпал етті.

Халық судьясы болып сайланған Нұрсапа Примашев Атырау қалалық сотында аянбай жұмыс істеді. Оқуда әрдайым алғыр, білімге құштар болғаны ол жерде де тез көрінді. Еткен еңбек, төккен тер елеусіз қалмады.

Өз ісіне мығым, қызметіне адал судьяға 1995 жылы Атырау қалалық соты төрағасының орынбасары қызметі сеніп тапсырылды. Бұдан әрі оның қызметтік жолы облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасында төраға, Атырау қалалық №2 сотында төраға, Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында төраға, Ақтөбе облыстық сотында кассациялық сот алқасының төрағасы, сондай-ақ, азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот алқасының төрағасы болып жалғаса берді. Одан кейін Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына басшы болды.

Қай мансапты болса да Нұрсапа Маханбетұлы аса жауапкершілікпен атқарды. Жаны жайсаң, жаратылысы бөлек ағамыздың шын мәніндегі адами қалпы ел-жұрты мен әріптестері тарапынан бағасын әлдеқашан алған.

Өз ісіне адал, кәсіби тұрғыда кемел судьяны көп жылдық мінсіз еңбегі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін Судьялар одағы ең жоғары деңгейлі «Үш би» Құрмет белгісімен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты «Мінсіз қызметі үшін» медалімен марапаттады. Бұған қоса Нұрсапа Маханбетұлы қызметінің әр кезеңінде «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл», «Қазақстан республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл», «Қазақстан Конституциясына 25 жыл», «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл», «Қазақстан Республикасының Сот жүйесіне 30 жыл», Ақтау қаласы әкімінің «Ақтау қаласына 55 жыл» мерейтойлық медальдарына, сондай-ақ, көптеген алғыс хаттар мен құрмет грамоталарына ие болды. 2003 жылы «Атырау облысының үздік судьясы» атанды.

Лебіз**АДАЛ
ЕҢБЕКТИҢ ЖЕМИСІН
КӨРУ – ҒАНИБЕТ**

Елімізде тәуелсіздік тұғырының құқықтық негіздерінің нығаюына үлесін қосқан алдыңғы буын судьялардың бірі әрі бірегейі – Нұрсапа Маханбетұлы Примашев.

Барлық дамыған өркендеген елде қоғамның сот төрелігіне деген сенімін қалыптастыру, әділдік пен туралық басты орында. Себебі, сотқа деген халықтың сенімінің арғы жағында мемлекеттік билікке деген сенім жатыр.

Әрбір қараған ісінен алғыс арқалаған Нұрекең ешкімге ұқсамайтын азаматтық болмысымен, еңбек сүйгіштігімен, ұлтжандылығымен, жауапкершілігімен ұжымға үлгі болып келеді.

Нұрекең Маңғыстау облыстық сотына азаматтық істер бойынша алқа төрағасы болып тағайындалған алғышқы сәтте оның қазақ батырларына тән сұңғақ бойына қарап, сұсты көзқарасын байқағанымыз рас. Кәдімгідей ер жігітке тән мысы басатын. Алайда, арада үш күн өтпей жатып, «ірі адамдар ең ақкөңіл адам» деген пайымым расталды. «Шын жақсының ашуы бар, кегі жоқ», – демекші, Нұрекеңнің ашуы шай орамал кепкенше. Оның бойындағы досқа деген адалдық, әркез үлкенге құрметпен қарап, кішіге ізеттілік танытатыны, ұлтымыздың салт-дәстүрін өнеге етіп, шежірелі қазақ тарихынан сыр шертетіні ешкімге ұқсамайтын болмысын одан әрі дараландыра түседі.

Сот жүйесіндегі көп жылғы адал әрі абыройлы еңбегінің жемісін көру – ол да бір ғанибет. Бүгінгі ел ағасы Нұрекең жан жары Қарлығаш жеңгей екеуі ұл-қыз тәрбиелеп, балаларын қызықтаған ұлағатты ата-ана, жанұяның алып бәйтерегі.

Нұрсапа Маханбетұлындай нағыз бабалар салтын сақтаған би ағаның бойындағы тік мінезі, қайсарлығы, шыдамдылық қасиеттері бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге дер едім.

Аса құрметті Нұрсапа Маханбетұлы! Сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық пен береке-байлық тілеймін.

**Гүлажар БАҚЫТЖАНОВА,
Маңғыстау облыстық сотында
азаматтық істер жөніндегі
сот алқасының төрағасы**

**Отбасымен****Ата-ана үмімін
ақтау – өмірлік
мақсатыма айналды**

Отбасының тірегі небәрі 54 жасында өмірден озып, тағдыр тәлейімен үйелмелі-сүйелмелі жеті ұл әкесіз қалды. Ол кезде үйдің тұңғышы – 18, кенжесі – 3, ортаншысы Нұрсапа – 14 жаста болатын. «Әкеміз тірі болғанда биыл 100 жылдығын тойлар едік» деген Нұрсапа Маханбетұлы әңгімесін одан әрі жалғады: «Әкем 1937 жылы 37 жасында халық жауы атанып ұсталған әкесінің сүйегі қайда қалғанын, тіпті, тірі не өлі екенін біле алмай арманда кетті. Себебі, 1977 жылы әкем қайтқанда атамның жасы 77-де болатын, ғайыптан-тайып жаны аман қалды ма, бір жерде жүр ме екен деген де үміті болды.

Атамызды іздеу барысында біз оның 1937 жылы атылып, Алматының түбіндегі Жаңалық деген ауылда жерленгенін білдік. Қуғын-сүргін құрбандарына арналған

«Әділет» қоғамдық қоры, әкесі халық жауы болып атылып кеткен белгілі заңгер ағамыз М.Баймахановтың бастамасымен дайындалып, шығарылған он томдық кітапта атамның аты жазылыпты. Ұрпақтары атамның жатқан жеріне арнайы барып, үлкен ас беріп, перзенттік борышымызды өтегендей болдық».

Қоғамымызда ұрпақ өсірумен бірге елдің өркендеуіне де үлес қосқан, сондай-ақ, қосып жүрген қазақ әйелдері аз емес. Солардың қатарында Нұрсапа Примашевтің анасы Роза Бәйішқызы да бар. «Өкініштісі, анамызды былтыр, қыркүйек айында мәңгілік мекеніне шығарып салдық» деп анасын қимастықпен еске алды. Алайда, даналарымыз «Адам баласы ұрпағымен мың жасайды» деген ғой. Ел қамын ойлар алтын асықтай ұлдарын тәрбиелеп, артында саналы ұрпақ қалдырған Роза апамыздың есімі ешқашан өшпек емес.

Отбасында шиеттей бала, 80-нен асқан қайынағасы бар жалғыздікті анаға олардың жағдайын жасау оңай болмағаны анық. Ол отбасы мен жұмысын қатар дөңгелетіп, қоғамдық мәселелерге қатысты келелі шаруаларға да үлгеріп жүрген екен.

Еңбекқор, көзі ашық, көкірегі ояу Роза апамыз мал азығын дайындайтын антибиотиктер зауытында аппаратшы жұмысын атқара жүріп ҚазССР Жоғарғы Советінің депутаттығына сайланады. Түркістан қалалық халықтық бақылау комитетіне, сондай-ақ, Әйелдер қоғамына мүше болып, елдік істердің басы-қасында жүреді. Зауыттағы жолдастық соттың мүшесі ретінде, сол сияқты, т.б. қоғамдық ұйымдарда ой-пікірін ашық айтып, көпшілікке сөзін тыңдата білген жан.

Роза Бәйішқызы сол кездегі қалалық атқару комитетінің төрағасы Ж. Жорабеков пен Совет Одағының Батыры Р. Есетов, тағы бір депутат бар төртеуі Мәскеуге барып, Р.М. Горбачевамен кездеседі. Осы сапарында олар үкіметтік деңгейдегі біраз мәселелердің шешімін табуына атсалысты. Әсіресе, алты ғасырлық тарихы бар Тайқазанның өз тұғырына оралуына Түркістан халқының атынан барған осы кісілердің еңбегі зор.

САЛМАҚ ЖАЙЛЫ ЖЫР

Нұрсапа бауырыма

Өлшеп берген салмақ әсте,
салмақ болып жарытпаған.
Өз өлшемі, салмағымен
өмір сүрген алып бабам.
Сендей ұлдар шығар деймін,
қазағымның қасиетін,
Салмақсыздар заманында
салмағымен анықтаған.
Өзіңде де, сөзіңде де,
сезіп жүрмін салмақ барын.
Сол үшін де аяладым,
сол үшін де ардақтадым.
Қара нардай қасқайып бір
тұрар едің ел алдында.
Қалқып алып көрсетсе егер,
қазағымның қаймақтарын.
Жылтылдаған, жылпылдаған,
қаптап кетті шабақ – бейне,
Өмір сүру дегенді олар,
қарын тояр тамақ дей ме?!
Салмағыңды бағалаймын,
саралаймын кейде іштей.
Өз салмағын сезінбейтін,
пенделерге қарап кейде.
Салмақ деген өлшем емес,
қасиетті ұғым дер ем,
Ардақты жан – сол жандар ғой,
салмағымен сүрінбеген.
Адам қаниша бұзылса да,
заман қаниша құбылса да.
Асыл інім, салмағыңа,
ризамын бүлінбеген.
Салмақ сенің қарамайды,
абыройың, атағыңа.
Салмақсыздар тұра алмайды,
салмақтылар қатарына.
Салмағы бар халық еді,
қасиетті қазақ елі.
Айналмаса екен деймін,
салмақсыздар Отанына!

Ибрагим ИСА,
ақын, Халықаралық «Алаш»
сыйлығының иегері

Лебіз**СЕГІЗ ҚЫРЛЫ,
БІР СЫРЛЫ
АЗАМАТ**

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», - демекші, әр істің әділетті нүктесін қоя білу – судьяға жүктелген зор міндет. Осы орайда, Маңғыстау өңірінде қара қылды қақ жарып, ақиқаттың ақ жолымен жүруді ғұмырлық қағидасына айналдырған білікті де білімді судьялардың бірі - Нұрсапа Маханбетұлы Примашев дер едім.

Маңғыстау өңіріне қызметке тағайындалғанға дейін Нұрсападай азаматтың Атырау, Ақтөбе облыстарында аугандық соттың судьясы, төрағасы, сот алқасының төрағасы бола жүріп, біраз тындырымды әрі игілікті істерді атқарғанына қанық едік. 2017 жылдан бері Нұрекеңмен бір алқада қызмет етіп келеміз. Ол адамдық қалпымен, табанды да талапшыл іскерлігімен айналасына бас бол білген жақсы жанның бірі. Оның осы уақытқа дейін ұжымда дауыс көтеріп, өзгерлерге сын көзбен қарағанын көрген емеспін. Бұл Нұрекеңнің адамгершілік пен сабырлықты серік еткен салмақты әрі сыпайы жан екенін көрсетсе керек.

Нұрсапаның тағы бір ерекше қасиеті, өмірлік жиған тәжірибесін соңынан ерген іні-қарындастарына, яғни, ел болашағы жастарға жеткізуден жалықпайды. Нұрсапа Маханбетұлы адамдармен тату қарым-қатынас орната отырып, жақын араласа білетін дос, жанашыр бауыр, еңбекті ардақтайтын әріптес, қазағым деген әрбір бауырына қолдау білдіретін жомарт жүрек иесі.

Нұрсапа Маханбетұлы, Сізді 60 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Ордалы отбасыңыздан қуаныш кетпей, ұл мен қыздың қызығын көріп, әділдік жолына қажымай еңбек ете бергейсіз!

**Айжан МОЛБАЕВА,
Маңғыстау облыстық сотының
судьясы**

Осындай ерен еңбектерінің арқасында Роза Бәйішқызы «Халықтар достығы» ордені және «Ерен еңбегі үшін» медалімен, т.б. түрлі марапаттарға ие болған батыр ана.

Тайқазан жайын айтқанда халқымыздың біртуар тұлғасы Өзбекәлі Жәнібековтің есімін атамай кету мүмкін емес. Ұлт жанашыры Ө.Жәнібековтің тікелей басшылығымен елге адал қызмет еткен санаулы азаматтар арасында Роза анамыз да болды.

Балаларының өмірде өз орындарын табуына бар күш-жігерін жұмсаған аяулы ана еңбегі өз жемісін берді. Әл-Фараби бабамыз айтқандай, «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат» болса, Нұрсапа Маханбетұлы сол бақытқа жету жолында ата-ана үмітін ақтауды өзінің өмірлік мақсатына айналдырған азаматтардың бірі.

Примашевтар әулетінің біразы заңгерлікті таңдаса, солардың барлығы Ресей университеттерінде білім алып, елге айтулы маман болып оралды. Әрине, мұның түп-тамыры мықты тектен таралған тәлімді ата-ананың тағылымды тәрбиесімен байланысты екені талассыз.

**Ұстаздарыммен
мақтанамын**

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, Нұрсапа Маханбетұлы осы дәрежеге жетуіне ұстаздарының да еңбегі ерекше болғанын айрықша ілтипатпен жеткізді. «Анамнан кейінгі өміріме бағыт-бағдар беріп, болашағыма жол ашқан қамқоршы ұстаздарым Манап Өтебаев пен Ирак Елекеев.

Манап ағамыз Қазақстанның Білім беру ісінің үздігі, халқымыздың бірегей азаматы, ұлтымыздың нағыз ұстазы еді. Өкінішке қарай, өмірден өтіп кетті. Техникумда сол кісінің тәлім-тәрбиесін алдық. Манап ағамыздың талапшылдығы, тәртіпті сақтауға қатысты қатаң көзқарасы жауапкершілігімізді арттырып, әрбір ісімізге ыждағатпен қарауды үйретті. Ол кісінің осы қасиеттерін өзіме үлгі тұтамын».

Техникумды жоғары оқу орнының дең-



гейіне дейін көтерген ұлағатты ұстаз экспериментальды топ ашып, мектепті үздік бітірген ауылдық балаларды емтихансыз қабылдады. Осылайша ол талай қаракөздің талабын шындап, олардың білім нәрімен сусындауына жол ашты. Осындай ұлт жанашырының шәкірті болғанын Нұрсапа Маханбетұлы әрқашан да мақтан етеді.

«Жақсының өнегесін айт» демекші, қызметтік жолдағы ұстазы белгілі заңгер Ирак Қасымұлы Елекеев. «Елекеевтей ел азаматын жолықтырған Примашев өзін жолы болған жанға санайды. «30 жылда қаншама мықты адамдармен әріптес болдым. Солардың барлығына алғысым шексіз» деп, ағынан жарылды ағамыз.

Осындай еңбек пен тәрбиені ту еткен ұстаздарын өнеге тұтқан Нұрсапа Примашевтің халыққа қалтқысыз қызмет жасамауға хақы жоқ секілді көрінді бізге.

Қателікмен сабақ алу қадамыңды түзейді

Адам тағдырын таразылау бір емес мың жүрекке салмақ саларлық ауыр жүк екені судьяларға ғана аян. Қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істердің қай-қайсысы бол-

са да оңай емес. Бұл тұрғыда Нұрсапа Маханбетұлы, «әсіресе, қылмыстық істерді қарағанда әрқилы тағдырмен бетпе-бет келесің, соның бәрін жан-жүрегіңнен өткізесің. Заң талабымен қатал үкім шығарғаныңмен, небір жағдай салдарынан тараптар басына түскен ауырлық жүрегіңе әсер етпей қоймайды» дейді.

Жұмыс барысында әркім есте қаларлық әрі өзіне сабақ боларлық оқиғаны бастан кешетіні анық. Сондай жағдайларды да еске алды ағамыз: «Алғаш рет бір жігіттің әйелін ұрыс-керіс үстінде екінші қабаттан итеріп жібергені туралы қылмыстық істі қарадым. Әйел орта дәрежедегі дене жарақатын алған. Бірақ, ол оқиғаны ешкім көрмеген. Тергеушілер осы отбасы жайлы көршілерінен сұрап, әбден тергеп-тексергенінде олар жігіттің әйеліне қол көтеретінін, айқайлап, балағаттайтынын растаған, ақтауға ешқандай негіз жоқ. Жігіт заң талабымен үш жылға сотталды. Тәжірибенің жоқтығы ғой, үкімді бірден оқып жібердім. Үкімді естіп, көзінен жас тамғандай болған жігіт бір кезде тұра қашты.

Алдымен конвойды шақырып, үкімді содан кейін оқу керектігіне мән бермегем ғой. Полиция 3-4 сағатта сотталушыны ұстады. Соттаған адамымның қашып кетуі мен үшін

Лебіз**КӨПТІҢ АЛҒЫСЫНА
БӨЛЕНУ – БАҚЫТ**

Ұлты үшін аянбай қызмет етіп, көптің алғысы мен батасына бөлену екінің біріне бұйыра бермейтін бақыт. Халқына абыройлы әрі адал қызмет етіп жүрген нар тұлғалы Нұрсапа Маханбетұлымен ағалы-інігей ауызбіршілікте жұмыс істеп келеміз. Дана халқымыз «Ел ағасыз болмайды, тон жағасыз болмайды» деген. Осы аралықта ағамыздың қолына алған кез келген істі асқан жауапкершілікпен орындайтынына куә болып, тынымсыз қызметтегі қамқорлығы мен жанашырлығын талай сезіндік. Биік білім мен біліктілік, ұлттық намыс, ер жігітке тән салмақтылықты бойына молынан сіңірген Нұрсапа Маханбетұлының ерекше қасиеттері жетерлік.

Атап айтсақ, 2018 жылы Маңғыстауда судьялардың ІХ спартакиадасының Батыс аймақтық жарысы өтті. Сырт көзге спартакиаданы өткізу оңай көрінгенімен, арғы жағында қаншама еңбек жатыр. Осы тұста Нұрсапа Маханбетұлы ұйымдастырушылық қабілетін айқын көрсете білді. Ол спартакиадада төрге отырып, сөз сөйлеумен шектелмей, түрлі спорттық ойындардан сынға түсіп, жүлделі орынды қанжығасына байлады. Сондай-ақ, «Ұлық болсаң, кішік бол», — демекші, Нұрсапа Примашев жауапкершілігі мол қазылық жолды таңдаған әрбір жастың қанатын қатайтып, қолдау көрсетуден шаршаған емес. Сондықтан, қарапайым отбасында дүниеге келіп, кемел келешегіне өз еңбегімен жол салып, алға қойған арман-мақсаттарын адал еңбегімен бағындырған азаматты қай жағынан мақтасақ та артықтың етпейді.

Алпыс деген асқаралы белесті бағындырып отырған білікті судья, үлгілі әке Нұрсапа Маханбетұлына зор денсаулық, ұзақ өмір, қызметте абырой тілеймін!

Рахымжан БЕЙСЕНОВ,
Ақтау қалалық №2 сотының төрағасы

ұмытылмастай үлкен сабақ болды. Өзім қатты қиналдым. Облыстық сотта үкім күшінде қалды.

Тағы бір болған оқиға, Әділет басқармасында Ирак Қасымұлының бастамасымен халыққа жаңа заңдарды түсіндірумен айналыстық. 1991 жылы, жұмысқа орналасқан соң бір айдан кейін басқармада кәсіподақ комитеті төрағасының есебі тыңдалды. Комитет төрағасының жұмысы әріптестері тарапынан сынға ұшырады. Нәтижесінде ұжым кәсіподаққа басшы етіп мені сайлады. Жиын соңында сенім артқандарына рақметімді білдіріп, болып жатқан кемшіліктердің қайталанбайтынын айттым.

Ирак Қасымұлы маған алдымен құжаттарға қарап, нақты қандай кемшіліктер кеткенін білу керектігін ескертті. Сол сөзден кейін тоқтасам болады ғой, одан сайын қызуланып, бір жарым айдың ішінде әріптестерімнен естігенімді тізіп, соңында кәсіподақ жұмысында ашықтық жоқтығын алға тарттым. Сол кезде Ирак Қасымұлы менің енді келіп жатқанымды, қызбалыққа барғанымды қатты сынады. Ол өте орынды болатын, өйткені, Горбачевтың «перестройкасын» мықты тыңдап, қызметке құлшынып келген жанмын ғой. Сол жиыннан соң бір апта бойы маған ешкім жақындамай, тіпті, амандаспай қойды. Осы оқиғадан өмірлік түйгенім, бір ағаттықтың өзі жүрген ортаңның теріс айналуына себеп болады екен. Кәсіподақ жұмысын жақсартып, ұжым көңілінен шығатындай деңгейге көтерген соң барлығы түзелді. Әрбір адамның қателіктен сабақ алуы ертеңгі күнін жақсартар жалғыз жол екенін сол кезде түсіндім» – деп әңгімесін аяқтады.

**Талап болмай,
тіл түзелмейді**

Сөз арасында өмірден көргені, жадына түйгені көп судья мемлекеттік тіл, сот саласында болып жатқан реформалар, судьяларға қатысты өзге де тақырыптар жөніндегі ой-пікірлерімен де бөлісті. Себебі, қоғамдағы келелі мәселелер ел ертеңіне



Облыстың бұқаралық ақпарат құралдарымен жасалған меморандум сәті

алаңдар әрбір азаматты ойландырады хақ. Сондықтан, Нұрсапа Маханбетұлының қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, жайлы ой-тұжырымын оқырмандарға сол күйі жеткізуді жөн санадық.

– Елімізде тіл туралы заң бар. Қаншама қоғамдық ұйым құрылды. Алайда, баяғы жартас, сол жартас кейпінен шыға алмаудамыз. Менің ойымша, азаматтарда мемлекеттік тілге деген қажеттілік болмай отыр. Мысалы, немістің бұрынғы канцлері Меркелдің «Сырттан келіп жатқан басқа ұлт өкілдеріне біз міндетті түрде неміс тілін оқытамыз. Өйткені, оларға неміс тілі өздері үшін керек. Неміс тілін білмесе біздің мемлекетімізде немістер сияқты құқықтарын қорғап, сондай-ақ, материалдық, құндылықтарға еркін қол жеткізе алмайды. Сондықтан, біз кімге болса да ешқандай қысымсыз неміс тіліне деген мұқтаждықты туғызамыз» деген сөзі бар. Бізде сырттан келгендерді былай қойғанда өз азаматтарымыз қазақ тілін қажет етпейді.

Мұның басты себебі, мемлекеттік тілмен қатар ресми түрде орыс тілінің де қолданылатыны туралы Конституциямен бекітілген нормада болып тұр. Бұл норма Азаматтық процестік кодексте де, енді қабылданған

Конституциялық Сот туралы заңда да бар. Барлық кезде алдымыздан кесе көлденең шығады. Мысалы, бір мекемеде заңгер орыс азаматы болса, ондағы шағымдар мен арыз, өтініштің бәрі орыс тілінде беріледі. Яғни, ол жерде қазақ тілінің жолы жабылады. Қазақ тілін білмейтін және білгісі келмейтіндер осылайша мемлекеттік тілдің дамуына кедергі келтіріп отыр. Мемлекеттік органдардың барлығындағы жағдай осылай. Орыс тілді адвокаттар мен заңгерлер біреудің құқығын өзі білетін тілде қорғайды. Осы арқылы олар өздері қорғап жатқан адамның тілге қатысты құқығын бұзады. Сондықтан, қоғамымызда тілге деген қажеттілік туғызып, қатаң талап қоятын кезең жетті, – деп есептейді судья.

Шешімін табуы тиіс мәселелер бар

Сот саласындағы реформалардың бәрі адамның жағдайын жақсартуға арналған. Соттардың материалдық-техникалық жағдайы жақсарды. Ақпараттық технологиялар жұмыс сапасын жақсартуда, сот жүктемесін азайту біртіндеп шешілуде. Дегенмен,

Лебіз**БЕДЕЛІ БИІК
НҰРЕКЕҢ**

Нұрекеңмен Шымкент гидромелиоративтік-құрылыс техникумында таныстық. Ол оқуды жақсы оқып үлгілі тәртібімен, қоғамдық жұмыстармен белсенді айналысуымен көзге түсіп, мұғалімдер тарапынан алғыс алып жүргі. Жатақханада бір бөлмеге тұрдық.

Техникумды бітіріп, Отан алдындағы борышымызды өтеуге де бірге шақырылды. Приморье өлкесінің Раздольное елді мекенінде орналасқан 6 айлық оқу дайындықта №2222 әскери бөліміне түстік. Қиыншылығы мол әскери өмірге де Нұрекең алдыңғы қатардан көріне білді, оны әскер өміріне тәрбиелеген сержант А.Меньшиковтың мақтауынан білемін.

6 айдан соң ол Приморск аймағының Ольгинский ауданына, мен Амур облысының Свободный қаласына кеттім. Бірақ, үнемі бір-бірімізбен хабарласып тұрдық. Әскерден келгеннен кейін, жоғары оқу орынына түсу мақсатымен Томск қаласына бардық. Сол жылы оқуға түспесек те жасымадық. Томск кескіш аспаптар зауытына жұмысқа тұрдық. Нұрекең зауытта да беделді болды, комсомол комитетінің мүшесі, цехтың айтулы тұлғасы, аз уақыт ішінде барлығына пікірін тыңдата білетін, тіпті, зауыттың директоры Социалистік Еңбек Ері Л.Будницкийдің көзіне түсіп, ол оны оқуға түскен соң да сонда қалуға үгіттеді.

Студенттік өмірге де ол тек жақсы қырынан танылып, факультеттің комсомол комитетінің мүшесі, ОКОД төрағасының орынбасары болды. Сол жылдары Томскіде қазақ жастары көп оқыды. Солардың көпшілігімен Нұрекең осы уақытқа дейін араласады.

Анасының үмітін ақтасам деген жүкті арқалап техникумға түскен балаң жігіт бүгінде Қазақстан Республикасының заң саласына еңбегі сіңген үлкен маманға айналуы оның азаматтық келбетін айқындай түседі.

Нұрекеңнің бастамасымен техникум бітірген соң 24 жыл бойына байланысымыз үзілген курстастарымызды таптық. Достықтың қадірін түсіне білетін қасиетінің арқасында достығымыз осы күнге дейін жалғасуда. Рақмет, Нұреке!

**Орынбасар СҰЛТАНБЕКОВ
өмірлік досы**

судьяларға қатысты шешімін табуы тиіс біраз мәселе бар. Солардың бастысы, оларды әлеуметтік тұрғыда қолдап, тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Тұрғын үй бойынша айтсақ, Тұрғын үй қатынастары туралы кодекске алты айдың ішінде судьяны баспанамен қамтамасыз ету нормасы бұдан отыз жыл бұрын енгізілген. Сондай-ақ, он жыл еңбек өтілі бар мемлекеттік қызметшіге, оның ішінде судьяға да өзінің тұрып жатқан пәтерін қалдық құнымен жекешелендіру құқығы берілген. Меніңше, осы нормалардың толық көлемде орындалуын әлі де болса жан-жақты қарастыру керек сияқты.

Тағы бір айтқым келгені, елімізде жиырма жыл еңбек өтілі бар судьяның отставкаға шыға алатыны заңмен айқындалған. Осыған сай, отставкаға шыққан судьяның зейнетақысы оның алпыс үш жасқа толуы міндеттелмей-ақ берілсе, яғни, ішкі істер, прокуратура органдарындағыдай мүмкіндік жасалса дұрыс болар еді. Осы мәселелер төңірегіндегі жұмыстар мемлекеттік деңгейде шешілуді қажет етеді.

Тәжірибелі судьяның әңгімесінен ұқпанымыз судьялық қызметті қалаған азамат өзінің көп нәрседен шектелетінін білуі тиіс. Өйткені, олар барлық уақытта халықтың назарында.

Конституцияға сай ең басты құндылық адам мен оның өмірі, денсаулығы. Сол өміріне балта шаппайтындай деңгейде жұмыс істей алатын, парасатты, азаматтар, арасындағы қарым-қатынасты реттей білетін білімді адамдар ғана қазылыққа лайық деген Нұрсапа Примашев «Малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы» қағидатын басты ұстанымына айналдырғандардың мерейі әрқашанда үстем болатынын айтты.

Қаныш Сәтбаевты жанымға жақын тұтам

Нұрсапа Примашев өмірінің біраз кезеңін Қаныш Сәтбаев есімімен байланыстырып,



ғалымның рухы оны үнемі демеп жүретінін, сондықтан ғұламаны жанына ерекше жақын тұтатынын жасырмады. Судьяның бұлай деуінің өзіндік себептері де жоқ емес. Мысалы, Нұрсапа Маханбетұлы алғаш сауатын Түркістандағы Қаныш Сәтбаев атындағы 8-жылдық мектепте ашты. Әрі ол ғалым сияқты жоғары білімді Ресейдің Томск қаласында алды. Тағы бір сәйкестік, Атырауға алғаш келгенінде тұрған үйі Қ.Сәтбаев көшесінен бұйырған. Ақтөбеге қызметпен ауысып барғанында облыстық соттың Қ.Сәтбаев көшесінде орналасқанын көріп, жақсы ырымға балаған.

Осы тұста судья әділдіктің ерте ме, кеш пе бәрібір салтанат құрарын тілге тиек етіп, «кеңес тұсында орталық көшелермен, т.б. атаулы орындарға Ленин, Калининдер ие болды. Мысалы, сол заманда Қаныш Сәтбаев атына Түркістанның шетіндегі 8-жылдық мектеп қана бұйырған болса, бүгінде уақыт бәрін реттеп, қазақ үшін жан аямай еңбек еткен халқымыздың белгілі тұлғалары өз орындарын алды деді.

Нұрсапа Маханбетұлы қызметте ғана емес, отбасында да өз бақытын тапқан аб-

зал әке. Ұлы Нұрбол мен кенже қызы Самал әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетін бітірді. Тұңғышы Жанель С.Демирел университетінің түлегі, қаржыгер. Қос қарашығы магистратураны Англияда оқыды. Асыл жары Қарлығаш Каркенқызы жоғары оқу орнында ұстаз, техника ғылымдарының кандидаты, доцент.

Ата-ана үшін балаларының өмірлік жолын табуынан артық бақыт жоқ десек, Нұрсапа Маханбетұлы мен Қарлығаш Каркенқызы бұл тұрғыда бақытты жандар. Бұған бақытты әкенің «Шындығында балаларымның мамандық таңдау мәселесіне араласқан емеспін. Өздері қалаған оқу орындарына түсіп, тірліктерін жүрек қалауларымен жасап келеді» деуі дәлел.

«Ешкім оған қоя алмайды нүктені, өмір деген сөйлем емес өйткені» деп ақиық ақын Төлеген Айбергенов жырлағандай, өз ісінің майталманына асқаралы алпыс жасында ұзақ ғұмыр мен абыройдың ақ шыңын тілейміз.

**Материалды дайындаған
Т. СМАҒҰЛҚЫЗЫ**

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТЫ

2023 жыл



Мемлекет басшысы 2022 жылғы 5 қарашада қол қойған «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заңы өз күшіне енді. Сәрсенбіде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз қызметін бастаған Конституциялық Соттың судьяларымен кездесті.

– Бүгінде Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты, бұрын-соңды болмаған бірегей саяси реформалар жүзеге асырылды. Қазіргі таңда дүниежүзінде дәл осындай ауқымды, мазмұнды реформалар жасап жатқан ел бірен-саран. Бұл – ақиқат. Мұны бүкіл әлем мойындап отыр. Қазақстан реформатор мемлекетке айналды. Жалпы, елімізде көптеген өзгеріс болып жатыр. Азаматтардың конституциялық құқығын қорғауға баса мән беріліп отыр. Бұл жұмысқа қоғам өкілдері белсене қатысуға ынталы. Сондықтан мен Конституциялық Сот құру туралы бастама көтердім. Азаматтарымыз жалпыхалықтық референдумда осы және басқа да ұсыныстарға қолдау білдірді. Шын мәнінде, Конституциялық Сот – еліміз үшін өте маңызды институт. Енді азаматтарымыз Конституцияға қайшы келетін нормаларды заңсыз деп тану үшін Конституциялық сотқа тікелей өздері шағымдана алады. Сонымен қатар, Бас прокурор және Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің де Конституциялық Сотқа жүгінуге құқығы бар. Жалпы, Прокуратура, Сот, құқық қорғау органдарының жұмысына қойылатын талап айтарлықтай күшейеді. Конституциялық Сот депутаттардың және Үкіметтің заң шығару жұмысына оң ықпал етеді. Бір сөзбен айтқанда, Конституциялық Сот адам құқықтарын қорғау жүйесінің басты тірегіне айналады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, теория мен тәжірибені ұштастыру үшін Конституциялық Сот құрамына белгілі құқықтанушы ғалымдар мен түрлі салада көп жылдық тәжірибесі бар заңгерлер кірді. Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Азимованың ұзақ уақыт бойы әділет органында қызмет етіп, адам құқығын қорғау мәселелерімен айналысып, халықаралық аренада мемлекет мүддесін қорғаудағы тәжірибесі жаңа салада зор пайдасын тигізеді деген үміт бар.

Жаңадан құрылған институт ел аумағында Ата Заңның үстемдігін қамтамасыз етуі үшін барлық жағдай жасалды. Өйткені, заң үстемдігі қағидатының мыз-

ғымастығы еліміздегі саяси реформалардың өзегі саналады. Жүргізіліп жатқан реформалардың саны жағынан, ең бастысы, мазмұны мен сапасы тұрғысынан Қазақстан әлемде көшбасшы елдердің қатарына кіреді. Сондықтан Конституциялық Сот әділетті Қазақстанның айнасы болады. Мемлекет басшысы сондай-ақ, бұған дейін 27 жыл бойы табысты жұмыс істеген Конституциялық Кеңес мүшелеріне және онда әр кезеңде еңбек еткен қызметкерлерге де алғыс айтты.

ҚР Президенті алғаш рет ҚР Конституциялық Сотын қайта құру туралы былтыр 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында айтқан еді. Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдыруда «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатын басшылыққа алатынын жеткізген Мемлекет басшысы осы стратегиялық мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін Құқық қорғау институттарын күшейту бастамасында оған айрықша тоқталды.

– Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар. Ата Заңымыз – еліміздің бүкіл құқықтық жүйесінің тірегі. Алайда, белгілі бір заң актісі немесе шешім оған сай келе ме деген сұраққа нақты жауап беру қиындық тудыратын кездер болады. Қазақстандағы түрлі құқық нормаларын Конституциялық кеңес түсіндіреді. Бірақ, азаматтар осындай түсініктеме алу үшін бұл органға тікелей жүгіне алмайды. Көптеген мемлекетте Конституциялық сот институты бар. Оған кез келген адам өзінің сауалын жолдай алады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай орган Қазақстанда болған. Сарапшылар Ата Заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын осы мекеме тиімді қамтамасыз етеді деп санайды. Соны ескере отырып, мен елімізде Конституциялық сот құруды ұсынамын, – деді Президент.

Бұл бастамалар әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам боларына сенім білдірді. Ол институционалдық тұрғыдан тепе-теңдікті сақтауға

ықпал етіп, азаматтарымыздың конституциялық құқығының қорғалуын жақсартта түсетінін жеткізді. Соның нәтижесінде 7 айдан кейін «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заң қабылданды. Заңның 3-бабы бойынша Конституциялық Сот төрағаны және оның орынбасарын қоса алғанда, он бір судьядан тұрады. Президент Сенаттың келісімімен төрағаны тағайындады. Ал оның орынбасары Конституциялық Сот төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот судьяларының арасынан тағайындады. Президенттің бұдан бөлек Конституциялық Соттың төрт судьясында өзі, қалған 6 судьяны Парламент палаталары төрағаларының ұсынуымен Сенат пен Мәжіліс тағайындаған болатын. Соның нәтижесінде Мемлекет басшысының Жарлығымен Эльвира Әбілхасымқызы Конституциялық Сот төрағасы, Қайрат Жақыпбаев, Айжан Жатқанбаева, Бақыт Нұрмұханов және Роман Подопригора Конституциялық Сот судьялары болып тағайындалды. Айгүл Қыдырбаева, Асан Ескендіров пен Ерлан Сәрсембаевты Сенат, Қанат Мусин, Еркін Оңғарбаев пен Сергей Ударцевті Мәжіліс тағайындады.

«Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заңының 67-бабы бойынша Конституциялық Соттың толық құрамы қалыптастырылған күннен бастап (2 қаңтар) «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» 1995 жылғы 29 желтоқсандағы заңның күші жойылды.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ Конституциялық Сот алғаш рет 1920 жылы Австрияда, одан кейін Чехословакияда пайда болған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бұл әділет институты Германия Федеративті Республикасында және Францияда да құрылды. 1960 жылдардан кейін олардың қатарына Югославия, Польша, Бельгия, КСРО қосылды. Бүгінгі таңда ол Армения, Беларусь, Болгария, Босния және Герцеговина, Грузия, Италия, Испания, Қазақстан, Қырғызстан, Литва, Молдова, Ресей, Тайланд, Украина сияқты әлемнің өзге елдерінде де бар.

Осы арада айта кететін бір жәйт, 1992 жылы 6 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциялық соты туралы» заңы негізінде ҚР Конституциялық сот 1992–1995 жылдары нормативтік актілердің Конституцияға сай келуін қадағалайтын орган болып жұмыс жасаған болатын. «Қазақстан Республикасының Конституциялық сотын сайлау туралы» ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 2 шілдедегі қаулысымен Конституциялық Сот құрамы 11 адамнан жасақталды. Алғашқы құрамда М.Т. Баймаханов (төраға), И.И. Рогов (орынбасары), Л.И. Башаримова, Ж.Н. Бәйішев, К.Ж. Жалмұқанбетов, Г.В. Ким, С.А. Қасымов, В.А. Малиновский, А.М. Нұрмағамбетов, С.Ф. Ударцев, О.Қ. Ықсанов судья болып тағайындалды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТІЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ КОНСТИТУЦИЯМЕН АЙҚЫНДАЛУЫ ТИІС

«Ет сасыса, тұз себеді, тұз сасыса не себеді?» – дейді халық даналығы. Сол секілді сот саласында кейінгі кезде мемлекеттік тілдің қолданылуы артып келе жатқанымен, әлі сын көтермейді. Сот саласында істердің 29 пайызы ғана мемлекеттік тілде. Бұл әсіресе, Астанадан бастап, орталық пен солтүстік және шығыс өңірлерінде өте аянышты халде.

Мен өзім куә болған сот ісінен мысал келтірейін. Қоғамда үлкен резонанс тудырған Су комитетінің экс-төрағасы Ислам Әбіштің ісіне 2019 жылдың көктемінен бастап, бір топ ұлт зиялыларымен бірге екі жыл қоғамдық қолдаушы болып қатыстым. Біріншіден, ең үлкен сорақылық – сотты жүргізген судьялардың мемлекеттік тілді дұрыс білмеуі. Мысалы, судья Мекемтас Қажымұқан екі беттік қаулыдан 74 қате жіберді. Бұл «Қазақ үні» сайтында және әлеуметтік желілерде үлкен шу болды! Бұл тәуелсіздік алғанына 30 жыл болған Қазақстан Астанасындағы сотта болуда. Мысалы біздің ауылда, шалғай Шардарадағы, қиырдағы Қызылқұмдағы мектептің үшінші сынып оқушысы екі бет қағаздан 74 қате түгілі, 7 қате де жібермейді. Ал бұндай сауатсыз сот мүшелеріне қалай адам тағдырын сеніп тапсыруға болады?

Адвокаттар мен қоғамдық қорғаушылар қазақша жетік білмейтін судьяға да сенімсіздік танытып, ол сот залынан шығып кетуге тура келді. Оның орнына келген судьяның қазақшасы одан бетер нашар екен! Оған да сенімсіздік таныттық. Одан кейін келген судьяның мемлекеттік тілге сауаты алдыңғы екеуінен де сорақы болып шықты. Жалпы, соттың бір отырысында үш судьяға үш рет сенімсіздік білдірдік. Ақыры, Астана сотында мемлекеттік тілді білетін бір де бір судья табылмаған масқара жағдайға көз жеткізген соң, сол басындағы Мекемтас Қажымұқанға зар болып, ол қайта келуге мәжбүр болды.



Қазыбек ИСА,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

Қазақ елінде қазақ тілі бар екенін, оның сот пен заң, құқық саласында қолданылуы Конституциямен, заңдармен бекітілген мемлекеттік тіл екенін Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылында Астананың соты жалпы, Қазақстан соты тұңғыш рет осылай еске түсірді.

Екіншіден, құқық қорғау органдарының тергеушілері де қазақша білмейді. Мысалы, осы сотқа жауап беруге келген, Антикордың қазақ тергеушілерінің бәрі қазақ тілінде аудармашы арқылы сөйлесті. Бұдан біз сот пен құқық қорғау органындағы, яғни заңды бірінші сақтауы тиіс

заң саласындағы ең басты заңсыздық – мемлекеттік тілдің аянышты халіне куә болдық.

Сондықтан да өздері қазақ тілін білмейтін тергеушілер мен судьялар сот пен тергеудің орыс тілінде өтуіне мүдделі. Тергеушілердің де, соттың да жауапкерді тергеу мен соттың орыс тілінде өтуіне мәжбүрлеуі көп кездеседі. Ал қазақ тіліндегі жауап алу мен орыс тіліндегі жауап алуда екі тілдің өзіндік ерекшелігіне байланысты екі түрлі мағынасы бар екенін ескермейді. Бұл жауапкер тағдырына кері әсер етеді. Мысалы, бұрын орыс тіліндегі өткен тергеу мен соттың кейін іс қағаздары қазақ тіліне ауысқанда, сотталып кеткендердің ақталып шыққаны да аз емес. Бұл туралы белгілі заңгер, адвокаттарға берілетін ең үлкен сыйлық – «Адвокаттың Алтын белгісі» иеленген Абзал Құспан жазған болатын. Абзал Құспан өзі қорғаған Ислам Әбіш ісінің тергеуін мемлекеттік тілде өтуін талап етіп, бұған заңды қадағалаушы бас прокуратураның жауапты басшыларының өзі бастап қарсы болғанда, Жоғарғы Сотқа жүгіну арқылы ғана қол жеткізді.

Жалпы, біз мемлекеттік тілдің мемлекеттегі маңызын айтқанда, ең алдымен Ата Заңнан бастауымыз керек! Кезінде Мұхтар Шаханов пен Амангелді Айталы бастаған 20 шақты Мәжіліс депутаты сауалдарына Конституциялық кеңестің 2007 жылғы 23 ақпандағы №3 қосымша қаулысы бойынша «Конституциядағы мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деген норма ресми тіл статусы емес және орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл мәртебесі берілетінін білдірмейді» деген шешім шығарылған. Сондықтан, Ата Заңдағы 7-баптың 2-тармағы жұртты әлі шатастырып, орыс тілі заңсыз мемлекеттік тіл рөлін атқарып келе жатқандықтан, бүгінде ұлтаралық жанжалдардың туындауына себеп болып отыр. Сондықтан Конституцияның 7-бабының 2-тармағын алып тастайтын кез жетті. Өйткені, кез келген дүкенге, мекемеге кірген орыс тілін білмейтін және шет тілін білмеуге толық хақысы бар азамат ел заңнамасына сай мемлекеттік тілде қызмет етуді талап еткенде, одан 30 жыл бойы мемлекет те, басшысы да талап етпеген мемлекеттік тілді білмейтін сатушы не қызметкер «Бізде мемлекеттік тіл – екеу, Конституцияның 7-бабы, 2-тармағы солай» деп, заңсыз қарсыласады да, дау-жанжалдың барлығы осыдан шығады. Мемлекеттік тілдің мәр-

тебесі туралы Конституциялық кеңестің қаулысы айқындап берген анықтама-тұжырымды осы уақытқа дейін біз әлі Парламенттегі көптеген депутаттарға, тіпті, мамандығы заңгер депутаттарға түсіндіре алмай келеміз.

«Біздің елде мемлекеттік тіл екеу», «Орыс тілі – ресми тіл, мемлекеттік тілдің орнына жүреді» деген заңға қайшы сөзді сауда орнындағы сатушы айтса мейлі, сақалы ағарған саясаткер, биліктегі лауазымды шенеуніктер, министр, әкім, депутаттар айтып жатқанда, олардың сауатсыздығына таңғаласың! Біздің Қазақстанда мемлекеттік тілге қарсы осындай заңсыз саясат отыз жылдан астам уақыттан бері үстемдік етіп келеді.

2016 жылы бірінші Президент Нұрсұлтан Назарбаев: «Орысшаға қазақ тілінде жауап бергендер жұмыстан қуылады» деп, өзі қол қойған заңдарға қарсы сөйлеген кезде біз М.Шаханов пен А.Айталы ағалар бастаған депутаттар талабымен қабылданған Конституциялық кеңес қаулысы мен Тіл туралы заңға сүйеніп, «Қай тілге болса да, қазақ тілінде жауап берсеңіз – заңды болады!» – деген мақаламен жауап бергенбіз.

Ол мақаламызда: «Орыс тілінің статусы мемлекеттік тілмен бірдей» деген сөз ойдан шығарылған, орыс тілінің құқын асыра пайдаланған орыс тілділер жасап алған жалған «статус». Сондықтан, «орысша жауап бермеді, қазақша жауап берді немесе қазақша сөйледі» деген шағымның бәрі – заңсыз!»- деп жазған едік 2016 жылы 25 ақпанда.

«Тіл туралы» заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі», – деп айқын жазылған. Ал ҚПК-нің 30-бабы, ӘҚБтК-нің 738-бабы бойынша да Қазақстанда қылмыстық, әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу тілі қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізу де мемлекеттік тілде жүргізілуі керек. Биліктің мемлекеттік тілді білетін мемлекеттік қызметкерлер жоқ деп, мемлекеттік тілді міндеттемей отыруы – Тәуелсіз 30 жыл бойы мемлекеттің мемлекеттік тілді дамытуда түк істемегенін мойындауы болып саналады.

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯМЫЗ –

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІМІЗ БОЛУЫ КЕРЕК!

Мемлекеттік тілдің тәуелсіздігі ата заңда айқын көрінуі тиіс! ұлттық мүддені қорғау – мем-

лекеттік тілден басталады! ал бізде 30 жылдан бері мемлекеттік тіл туралы заң жоқ!

Конституцияның тіл туралы бабының 1-тармағын орындамай, оған қарсы 2-тармағын орындайтын ел әлемде тағы да жалғыз Қазақстан! Тілдік дискриминацияға ұшырап жатқан – қазақ тілі, орыс тілі емес! Өйткені, мемлекеттің мемлекеттік тілі дискриминацияға ұшырау – тарихта әлемде тек Қазақстанда ғана! Ал кез келген өзін сыйлайтын ел үшін алдымен әлемдік алты тіл емес, ең бірінші Мемлекеттік тілі маңызды! Мемлекеттік тілді қорлатпау – мемлекет басшыларынан бастап, бәріміздің басты міндетіміз болуы тиіс!

Ұлттық намысы жоқтардың: «Бәріне түсінікті тілмен сөйлейін» дегені – мемлекеттік тілді қорлауы және бізде 30 жылда да мемлекеттік тілдің болмағанын мойындауы! Ел біртұтас бірігу үшін барлық ұлт мемлекеттік тілде сөйлеуі керек! Түрік Республикасының тұңғыш Президенті Кемал Ататүрік сайлана салысымен алғашқы жылы-ақ: «Түркия мемлекеті мықты болуы үшін еліміздегі 78 ұлт бүгіннен бастап бәріміз бір тілде – түрікше сөйлейтін бір ұлтпыз!» – деп жариялады. Осындай қазақ ұлты алдындағы тарихи жауапкершілік пен ұлы аманат бізде де орындалуы тиіс еді. Өкінішке қарай, 30 жылымыз, бір дәуір босқа өтті. Мемлекеттік тілімізді міндеттейтін заң қабылдау үшін біз енді тағы 30 жыл үшінші президентті күтуіміз керек пе?!

«Ақ жол» фракциясы 2012 жылы Мемлекеттік тілдің қолданылуын арттыру бойынша заң жобасын жасағанда үкімет өткізбей тастады. «Қазақ тіліне қазақ үкіметі қарсы шықты» деп жаздық біз. Конституцияның тіл туралы 7-бабының 2-тармағын алып тастап, «Мемлекеттік тіл туралы» заңды талап етуді біз ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңестің 2019 жылғы 6 қыркүйекте өткен бірінші отырысында да көтердік. Парламентте «Ақ жол» фракциясының «Мемлекеттік тілдің жеке дара мәртебесін анықтайтын уақыт жетті!» деген депутаттық сауалды 2021 жылғы 3 ақпандағы ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминге жасадық. Биыл да екінші рет 2022 жылғы 27 сәуірде ҚР Премьер-Министрі Ә.Смайыловқа Конституцияның тіл туралы 7-бабының 2-тармағын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заңды талап еткен депутаттық сауал жасадық. Бұл сауалымызды Еговтағы петицияда жарты миллионнан астам адам қолдады.

2021 жылы Көкшетауда Ақмола облыстық сотының сол кездегі төрағасы, қазіргі Жоғарғы Сот судьясы Досжан Әмір, Жоғарғы Сот қызметкері Нүргүл Қарағойшина бар, мемлекеттік тілдің рөлі туралы республикалық конференция өткізді. Бүкіл зиялы қауым қатысты. Конференция қарарында №1 ұсыныс «Конституцияның тіл туралы 7-бабының 2-тармағын қайта қарау» болды. Ата заңды өзгертпей, тілді үйрену – суға түспей жүзуді үйрен дегенмен бірдей! мемлекеттік тілді міндеттеу – мемлекеттің міндеті.

Биліктің мемлекеттік тілді білетін мемлекеттік қызметкерлер жоқ деп, мемлекеттік тілді міндеттемей отыруы – Тәуелсіздіктің 30 жылында мемлекеттің мемлекеттік тілді дамытуда түк істемегенін мойындауы болып саналады. Іргетас болмаса, үйдің қабырғасы мен шатырын жөндей бергеннен еш пайда жоқ. Мәжбүрлік керек.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның 23-бабының 3-тармағы осы заң қабылданғалы 1997 жылдан бері, яғни, ширек ғасырдан бері және Тәуелсіздіктің 30 жылдық дәуірінде де іске аспаған, іске асатынына елдің үміті жоғалған «жансыз» бап. Сондықтан да, 2020 жылы «Қазақ үні» порталында Мемлекеттік тіл туралы заңды талап етіп, ҚР Президентіне жазылған Ашық хатқа еліміздің әйгілі тарландары Ә.Нұрпейісов, Д.Исабеков, А.Әшімов, Қ.Жұмәділов, Ө.Айтбаев, А.Айталы, Т.Шарманов, М.Мырзахметов, К.Ормантаев, Н.Нүсіпжанов, Т.Әбдік, С.Елубай, С.Досанов, Ғ.Қабышев, Т.Медетбек, Б.Нұржекеев, И.Сапарбай, Ұ.Есдәулет және т.б. бастап, екі айда 130 мыңға жуық адам қол қойып, бұрынғы межелерден 1000 еседей көп тарихи рекордтық деңгейге жетті. Содан бері қарап отырсам, Ө.Айтбаев, Ә.Нұрпейісов, Қ.Жұмәділов, А.Айталы және т.б. 12 ұлт қайраткері мемлекеттік тіл туралы заңды күтіп өмірден өтіп кетіпті.

Ұлт мүддесі үшін бұрын мұншалықты қалың қол жиналған емес. Интернетке қолы жеткен 130 мыңға жуық Ел патриоты артында смартфон пайдалана алмайтын миллиондаған халық тұрғаны айқын. Бұл қалың қолдың ішінде тек қазақтар ғана емес, әртүрлі ұлт өкілдері де (50-ге жуық) жеткілікті. Яғни, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау күн тәртібіндегі күннен-күнге күшейіп келе жатқан ең өзекті мәселе болып тұр. Сондықтан да «Қазақ үні» порталында бұл Ашық хатты 1 миллионға жуық адам оқып, 1 мыңнан аса пікір жазылып қолдау білдірді. Әле-

уметтік желілердегі қаптаған қолдаушылардың санын есептеу мүлде мүмкін емес.

Жалпы, мемқызметкерлерді 0,5 пайыз деп есептесек, оның ішінде мемлекеттік тілді білмейтіндер жартысынан да аз шамада. Сонда билікке мемлекет мүддесін емес, мемлекеттік тілге миы жетпейтін бар-жоғы 0,2 пайыздың мүддесін қорғап, мемлекетке, билікке кір келтіріп отырғанын отыз жылдан бері ұғыну үшін көп ақылдың керегі жоқ қой. Біз мемлекеттік қызметшілердің, құқық қорғау органдары қызметкерлері мен соттардың және көпшілікке қызмет ету мекемелері қызметкерлерінің міндетті түрде мемлекеттік тілді еркін білуі туралы стандарт енгізуіміз керек. Мемлекеттік қызметкерлер тапсыратын ҚазТЕСТ сынағындағы Қазақ тілін 0-мен бағалау масқарасы жойылуы тиіс!

Парламентте 3 мыңға жуық заң шықса, соның екеуі ғана мемлекеттік тілде қабылданған. Ол өткен ғасырдағы қаламгер депутаттар Әкім Ысқақ жетекшілік еткен Көші-қон туралы заң және Фариза Оңғарсынованың жетекшілігімен жасалған «Отбасы туралы» заң. Назар аударыңыздар, бұл екі заң депутаттардың өз бастамашылығымен қабылданған! Ал осы уақытқа дейін бір де бір заңды мемлекеттік тілде ұсына алмаған Үкіметке не деуге болады?! Бұндай жат мемлекеттің тілінде сөйлейтін, жұмыс істейтін Үкіметтен не үміт, не қайыр?! Өзге тілде сөйлейтін Үкіметтен өз еліне қандай жақсылық күтуге болады?!

2021 жылы Халықаралық Қазақ тілі қоғамының құрылтайында белгілі тіл күрескері Оразгүл Асанғазықызы бастап, біз қостап, бұрын Үкіметте болып, кейін Мәсімовтің кезінде жойылып кеткен Мемлекеттік тілдің қолданылуы жайлы ведомствоаралық комиссияны қайта құруды қаулыға енгіздік. Ал енді осы комиссия бір жылдан асқаннан кейін, кеше ғана құрылды. Себебі, сол кезде Президент әкімшілігі ішкі саясатын басқарып отырған бір функционер өзінен жоғары басшыға осы мәселе туралы жазғанда: «Егер біз Мемлекеттік тілдің қолданылуы жайлы ведомствоаралық комиссияны қайта құрсақ, көрші Ресей мемлекеті қалай қарайды?» – деп жазған?! Бұл не масқара!?. Сонда, Тәуелсіздігіне 30 жыл болған мемлекеттің ішкі саясатына жетекшілік етіп отырған орыстілді, ұлты қазақ басшы құлдық санамен осылай қалтырап отырса, жалпы Ұлттық идеология туралы сөз қозғаудың өзі мүмкін бе?! Сонда олардың

Президенті Тоқаев па, Путин бе?! Міне, біздің 30 жылда да дамымай келе жатқанымыз!

Таяуда «Ақ жол» партиясы жиынында тілге жанашыр жас кәсіпкер жігіт Азат Болатұлы тіліміздің ауыр халі туралы сөз қозғап, арасында қорқынышты мысал айтты. Ол бір жұмысымен Астанадағы халыққа қызмет көрсету орталығына барып қалады. Сонда ЖСН алуға кезекте тұрған қаптаған Ресей азаматы өзара әңгімелесіп тұрып бір-біріне: «Айналаға қарашы, қазақтардың барлығы Ресей тілінде сөйлейді екен. Бұлар тәуелсіздік алмаған секілді, сондықтан бұл елге арнаулы операция өткізудің де қажеті жоқ секілді» деп айтқан! Бұл нені білдіреді?! Бұл – мемлекеттік тіліміздің ұлттық қауіпсіздігімізге төнген үлкен қаупін білдіретіндей құлдырауын көрсеткен зор дабыл!

ТІЛ ЖӨНДЕЛМЕЙ – ТІРЛІК ЖӨНДЕЛМЕЙДІ!

Ең басты формула – осы! Басқа жол жоқ! Әлемнің озат оқу ордасын үздік бітірген маман Қазақ тілін білмесе, оның білімінен қазаққа пайда жоқ! Бұны соғыстан кейінгі күйреген экономикасын мемлекеттік тілін ұлттық ұран ету арқылы көтерген Германия мысалынан да, соғыстан кейін күйреген экономикасын ұлттық идеологиясын ұлықтау арқылы көтерген Жапониядан да айқын байқауға болады. Жалпы, билік, мемлекет ұлтпен бірге болғысы келе ме? Ендеше ұлттың тілінде сөйлесін! Тәуелсіздік алғанына 30 жылдан асқан мемлекеттің басшысынан бастап, мемлекеттік қызметкерлердің бәрінің шет тілінде, орыс тілінде сөйлегенін ел ешуақытта көрмеуі керек! Отарлаушы елдің тілінде сөйлеп тұрып, Тәуелсіз елдің мүддесін қорғаймын деу – бос сөз! Бүгінде оған ешкім сенбейді! Онда «Жаңа Қазақстан», «Екінші республика», «Әділетті Қазақстан» дегендердің бәрі алдамшы, елді алдаған көзбояушылық болып шығады!

Біз Тәуелсіздікті кімнен алдық? Арысы патшалы Ресейден, берісі коммунистер билеген Кеңес одағынан алдық! Ендеше азаттық алған елдің 30 жылдан астам өзін отарлаушы елдің тілінде сөйлеп келе жатқаны, ол тілді Конституциясы мен заңдарына бекітіп қойғаны қандай масқарашылық?! Әлемде қандай ел бар мұндай қорлыққа көніп келе жатқан?!

Депутаттық сауалымызда жариялағандай,

«Салық төлеу қандай міндет болса, мемлекеттік тілді білу де сондай міндет болуы тиіс! Екі тілге бірдей жағдай жасау керек» деген – екіжүзділік! Ол аштан өлгелі жатқанның аузынан асты жұлып ап, тоқтықтан жарыла жаздап жатқанның аузына тығумен тең».

Мемлекет пен үкімет басшыларының, министрлер мен әкімдердің, депутаттардың, саясаткерлер мен қайраткерлердің орыс тіліне ауысып кетіп: «Бәріне түсінікті тілмен сөйлейін» дегені – мемлекеттік тілді қорлауы және бізде 30 жылда да мемлекеттік тілдің болмағанын мойындауы! Мемлекеттік тіліміз ең алдымен цифрлық бағдарламаларда басты орында болуы керек. Біз жақында IT маманы Жанат Аймағанбетовтың ұсынысы бойынша Цифрлық даму министрі Бағдат Мусинге 30 жылдан бері орыс тілінде сөйлеп келе жатқан деректер базасын қазақшалауды талап етіп, ресми хат жаздық. Қазақстандық азамат банкоматты ашқанда неге бірінші орыс тілі қарсы алуы керек! Содан кейін барып, қазақ тілін іздеуіміз керек?! Біз сонда Ресейде отырмыз ба? Банкоматтың басты тілі қазақ тілі емес, орыс тілі болса, онда ол Қазақстанның банкоматы емес?!

Тобықтай сөздің түйіні – мемлекеттік тілді міндеттейтін заң қабылдау қазіргі күн тәртібіндегі ең басты мәселе болып тұр! Мемлекеттік тілді меңгеруге негіз қалану үшін ең алдымен еліміздегі балабақшалар мемлекеттік тілде болуы тиіс! Мектеп мемлекеттік тілде болып, мектеп бітіру және жоғары оқу орнына түсу ҰБТ-да Қазақ тілінен емтихан тапсыруы міндетті болуы тиіс.

2020 жылы 1 қазанда Қазақстан халқы Ассамблеясында еліміздегі барлық этнос өкілдері «мемлекеттік тілді міндеттеу керек» деп, арнайы ресми үндеу қабылдады. Біз енді тағы кімді және нені күтіп отырмыз?! Мысалы, Ресейде мемлекеттік тілді талап етсең – патриот болып мақталасың. Ал Қазақстанда мемлекеттік тілді талап етсең, нашар мағынадағы «ұлтшыл» атанып, датталасың, тіпті сотталасың! Сондықтан, Президент айтқан бір ғана Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керек! Сонда ғана мемлекет басшысының айтқаны заңмен бекітіледі.

Қазақ елінде қазақша нан сұрай алмай отырсақ, бұған қазақ билігі жауапты! 30 жылдан бері әлсіз заңының өзін орындата алмай отырған, нақты мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауға қарсы болып отырған үкіметтің не керегі бар?

Павлодарда Руза, Өскеменде Жұлдызай, елордамызда Оғыз Доған, Жасұлан Иса, Мұқағали Балқыбай, жарты Қазақстанды аралап шыққан керекулік Диас Күзембай, Алматыда Садық Жанықұл, Жанар Жахат және т.б. жетіскеннен мемлекеттік тілді талап етіп жүрген жоқ көшеде. Мемлекеттік тіл туралы заңдылықты – Мемлекет мүддесін қорғап жүр! Заңдылықты қадағалаушы Бас прокуратураның, құқық қорғаушы Ішкі істер министрлігінің, заңды бақылау функциясынан айырылып қалған Тіл комитетінің жұмысын істеп жүр! Ресейде мемлекеттік тілде сөйлеуді талап еткендерді «ұлтшылдар» деп айыптауға бола ма? Ендеше, Қазақстанда да мемлекеттік тілде қызмет етуді талап ету – заңдылық!

Мемлекеттік тіл туралы заң қабылданса, ешкім көше кезіп, дүкен-кафе аралап, мемлекеттік тіл мәселесінде дау болмас еді. Ал қабылданбаса, көшеге шығудың көкесі сонда болады, дау көбейе береді. Бұның соңы бітпес дауға, тіпті толқуға апарып соғады. Бұл ең маңызды тіл мәселесіне үкіметтің жайлы кабинеттерінен шықпай-ақ, қара көзілдірік арқылы үстірт қарап, жалған ақпараттар арқылы хабар алып отыру мәселені ушықтыра береді.

Өткен 2021 жылы біз Көрнекі ақпарат туралы заң жобасына Тіл басқармалары үш жыл бұрын айырылып қалған кәсіпкерлік мекемелерді тілдік бақылау функциясын қайтару үшін Кәсіпкерлік кодекске қайта ұсынғанда, оған Қазақ Үкіметі, Ұлттық экономика министрлігі мен «Атамекен» ұлттық палатасы келісім бермей қарсы болып, өткізбеді. Оларға Қазақстанның 80 пайыздай қазақ азаматының тілдік дискриминацияға ұшырауы, әр жыл сайын көрнекі ақпараттардағы 13 мыңға жуық мемлекеттік тілдегі мазақ қателердің қаптауы түк әсер етпейтін секілді. Сондықтан да, әйгілі жазушылар Д.Исабеков, С.Елубаевтар «Қазақ үні» газетінде «Экономика министрлігі мен «Атамекен» палатасына қазақ тілі қажет емес пе?» – деп қатты сынады. Біз «Қазақ тілінің обалы – қазақ үкіметінде?» атты сын мақала жаздық.

Мемлекеттік тілдің дамымауы – мемлекеттің басты кінәсі! мемлекеттік тілді мәжбүрлемей, тіл дамымайды деп талай жаздық.

Мемлекеттік тіл туралы дербес заң қабылданбай елдің ең басты мәселесіне қатысты дау ешқашан бітпейді, қайта өрши береді. Біз мұны қауіп еткеннен айтамыз!

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ



Қазіргі уақытта тұрмыстық зорлық-зомбылық ең өткір және көп таралған әлеуметтік проблемалардың бірі болып табылады. Алайда айқын анықтамалардың жоқтығы, күш қолданудың ауқымы мен себептері туралы толық ақпараттың болмауы осы проблеманы шешуге бағытталған күштерге кедергі келтіреді. Дегенмен, соңғы он жыл ішінде халықаралық құқық қорғау ұйымдарының (әсіресе, әйелдер ұйымдарының) белсенді іс-қимылдарының арқасында адам құқықтарын сақтау ұғымы едәуір кеңейгенін атап өткен жөн.

Тиісінше, отбасындағы зорлық-зомбылыққа қатысты мемлекеттердің де жауапкершілігі өзгеруде. Егер бұрын мемлекет жеке тұлғалардың немесе отбасындағы әрекеттеріне емес, өздерін билік органдарының қызметі үшін ғана жауапты деп саналса (мысалы, қамаудағы сотталғандардың құқықтарын сақтау үшін), бүгінгі күнде қатыстылық принципі қолданылуда: мемлекет жүйелі түрде адам құқықтарын бұзудың алдын алуда немесе жолын кесуде, оның ішінде жеке секторда, көптеген шаралар жасалуда. Бұл үрдістің қабылдануы тек өз аза-

маттарының алдында ғана емес, сондай-ақ, халықаралық қоғамдастық және заң алдында да жауапкершілік жүктейді.

Отбасындағы зорлық-зомбылық мынандай адам құқықтарын бұзады: әр адамның заң алдында қорғануға тең құқылығы, яғни, гендерлік кемсітушілікті жеңу; қаталдыққа ұшырамау құқығы; өмір сүруге және физикалық қол сұғылмаушылыққа; физикалық және психикалық денсаулықтың ең жоғары стандарттарына құқығы.

Отбасындағы зорлық-зомбылықтан құқық-

тық қорғанудың маңызды ережелері Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы; Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенция; Баланың құқықтары туралы декларациясы; Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт; Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт; Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы декларация; Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою туралы декларация; Ерлер мен әйелдердің тең жұмыс үшін тең сыйақыға құқықтылығы туралы конвенциясы; Ананы қорғау туралы конвенция; Отбасылық міндеттері бар жұмыскер әйелдер мен ерлерге тең көзқарас пен тең мүмкіндіктер құқығы туралы конвенция; Жұмыспен қамту және кәсіпкерлік саласында кемсітушілікті жою туралы конвенция және т.б. құжаттарда бекітілген

Аталған құжаттардың барлығын Қазақстан Республикасы ратификациялады. Әлеуметтік жұмыс барысында тұрақты түрде жиі туындайтын тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелері және олардың шешілуін айқындайтын жайттар тек халықаралық-құқықтық актілермен ғана емес, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамаларымен тығыз байланысты. Отбасындағы қолайлы мінез-құлықты шектейтін мемлекеттік заңдардың маңыздылығы айқын. Өкінішке қарай, зардап шеккендерге көмек көрсететін көптеген мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ, зардап шеккендердің өздері және зорлық-зомбылық жасаған адамдардың осы мәселеге тікелей қатысы бар ішкі заңдардан хабары аз.

Осыған байланысты, ең алдымен, Қазақстан Республикасының әкімшілік заңнамасында қарастырылған тұрмыстық зорлық-зомбылық терминінің анықтамасына назар аудару маңызды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңның міндеті адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, халықтың денсаулығын, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын, қоршаған ортаны, қоғамдық тәртіпті, мүлікті, қауіпсіздікті, мемлекеттік билікті жүзеге асырудың белгіленген тәртібін, заңмен қорғалатын ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін әкімшілік құқық бұзушылықтан қорғау және оларды болдырмаудың алдын алып ескерту міндеті бар. Отбасылық-тұрмыстық қатынас-

тар саласында құқыққа қайшы әрекет жасаудың түсінігі, ол үйде, бір отбасында тұрып жатқан адамдарды әдепсіз тілмен балағаттау, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру, сондай-ақ, олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер жасауы, егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса (Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-бабы).

Бұл әкімшілік құқық бұзушылықтың объектісі отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында туындайтын әлеуметтік-құқықтық қатынастар болып табылады. Тікелей объектінің өзі – бұл тыныштықтан, қалыпты өзара құрметпен, отбасында қалыптасатын қоғамдық қатынастар. Заңда көрсетілгендей отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынас, ол бірге тұратын немесе бірге тұрған, некеде тұрған, бұрынғы жұбайлары немесе жақын адамдардың арасындағы өзара қарым-қатынасы деп түсіндіріледі.

«Отбасылық-тұрмыстық қатынастар» термині екі ұғымнан тұрады: «отбасы» және «тұрмыс». Отбасылық қарым-қатынастың мағынасы отбасылық қатынастарды нығайтуға және дамытуға көмектесетін некеге отырудан, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге байланысты басқа да нысандардан туындайтын мүліктік немесе жеке мүлікті емес құқықтар мен міндеттерге байланысты тұлғалар арасында қалыптасқан қарым-қатынас.

Неке ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды тудыратын отбасын құру мақсатында заңда белгіленген тәртіппен екіжақты еркін және толық келісімі негізінде жасалатын еркек пен әйел арасындағы тең одақ.

Туыстық қарым-қатынастарда адамдар арасындағы қанмен байланысты қарым-қатынасын түсіну қажет, ол байланыстың болуы заң арқылы белгілі бір құқықтар мен міндеттерге жүктейді. Бала асырап алу дегеніміз, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баламен оны тәрбиелеуге алған адамның арасындағы қабылданған құқықтық (жеке және мүліктік) қарым-қатынастарды белгілеу арқылы тәрбиелеу.

Тұрмыстық қатынастар адамның матери-

алдық қажеттіліктерін қанағаттандыру (азық-түлік, киім-кешек, тұрғын үй, денсаулықты сақтау) және рухани дүниені, мәдениетті, қарым-қатынасты, демалыс пен ойын-сауықты меңгеруді қамтитын өндіріске жатпайтын күнделікті өмір саласы ретінде түсіну қажет.

Жақын туыстарға ата-аналар, балалар, асырап алғандар, асырап алынғандар, толыққанды және жарым бауырлар мен әпкелер, аталар, әжелер, немерелер жатады.

Негізгі белгі – бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмауы керек. Сонымен, егер Қазақстан Республикасында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты тікелей әрекет ету туралы заң бар болса да, зорлық-зомбылықтың көптеген түрлеріне және нысандарына қатысты әділеттілікті құқық қорғау жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде айтуға болады. Бұл жағдайда әділеттілік деп осы жұмыста талқыланған заңнамалық базаның қаралуы және оның жетілдірілу мүмкіндігі, сот төрелігін (сот ісін жүргізу) немесе әлеуметтік инфрақұрылымды жүзеге асыру процесі, отбасы мүшелерінің жасаған құқық бұзушылық әрекеттеріне нақты әрекет жасау. Сот төрелігінің тиімділігі ол жүзеге асырылатын органдарға (полиция, сот, жергілікті атқарушы органдар және т.б.), сондай-ақ, мамандандырылған органдардың бар-жоғына байланысты.

Жалпы, мемлекеттік ішкі заңнаманың барлық ерекшеліктеріне қарамастан, оның халықаралық-құқықтық практикаға жақындауы байқалады. Бұл біздің өкілді органдарымыздың соңғы бірнеше жылдар ішінде әкімшілік және қылмыстық заңнаманың нормаларын ескере отырып, дамып келе жатқан көптеген халықаралық құжаттарды ратификациялауына байланысты. Алдымен тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың қандай жауапкершілігі бар екенін түсінуіміз керек. Мұнда бәрі құқық бұзушының жасаған іс-әрекеті және денсаулыққа жасалған зиянға байланысты.

Құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған басқа әрекеттер. Егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық

бұзушылық туралы кодексінің 73-бабы бойынша ескерту жасауға не үш тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Егер көрсетілген әрекеттерді әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған болса он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алынады.

Ал денсаулыққа жеңіл дәрежедегі зиян келтіру қазіргі уақытта аталған кодекстің 73-1-бабымен – «денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» бойынша анықталған. Яғни, денсаулықтың қысқа мерзімге бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан, денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру – 15 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға алып келеді. Осы көрсетілген әрекеттерде әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер болса – жиырма тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға жазаланады. Егер «ұрып-соғу», яғни, тән ауруына ұшыратқан, бірақ, денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасаса Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-2-бабы бойынша он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады немесе он тәулікке әкімшілік қамауға алуға жазаланады. Ал әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған көрсетілген баптағы әрекеттер – он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға алып келеді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында олардың құрбандары немесе куәлері ішкі істер органдарына (полицияға) жүгіну керек.

Отбасындағы зорлық-зомбылық құрбандарын қорғау мақсатында ішкі істер органдары отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын қолдануға құқылы.

Қазақстанда 2020–2021 жылдары тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы өтініштердің саны тұрақты өсу үрдісіне ие. Мәселен, 2021 жылы Қазақстанның құқық қорғау органдарына тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы 125 мыңнан астам өтініш пен хабарлама келіп түсті. 2020 жылы статистикалық мәліметтерге сәйкес олардың саны 5 мыңға аз болды.

ҚР ІІМ қызметкерлері бұқаралық ақпарат құралдарында 2021 жылдың 10 айында:

9 645 азаматқа қатысты сот мінез-құлыққа ерекше талаптар қойғанын; 40 мыңнан астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылғанын; 70 мың адам жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қорғау ұйғарымдары шығарылғанын ресми түрде мәлімдеді.

Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында жасалған құқық бұзушылықтарды талдау барысында, зорлық-зомбылықтың негізгі себебі – әлеуметтік проблемалар, соның ішінде алкогольдік ішімдікке салыну нәтижесінде екенін көрсетті.

Ішкі істер органдарының өтініші бойынша медициналық мекемеге мәжбүрлеп емдеуге алкогольге тәуелділіктен туындаған психикалық және мінез-құлық бұзылыстары бар есепте тұрған 3 756 адам жіберілді. Сонымен қатар, жыл сайын 1000-ға жуық, жоғарыда аталған адамдар санынан, ата-ана құқығынан айырылады.

Полиция бұл мәселе карантин мен қатаң оқшаулау жағдайында шиеленіскенін атап өтті. 2020 жылы отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қайшы әрекеттері үшін (ӘҚБтК 73-бабы) қамауға алу мерзімі үш тәуліктен бес тәулікке дейін ұзартылды. Сондай-ақ, Қылмыстық кодекстің 110-бабы «Азаптау» – жеке айыптау істерінен жеке-жария істерге ауыстырылды. Яғни, отбасылық құқық бұзушы кінәсінің дәлелдерін жинау міндеті полицияға жүктелген, бұрынғыдай жәбірленушілерге емес. Дәрменсіз күйдегі жүкті әйелдерге, сондай-ақ, кәмелетке толмағандарға қатысты осындай қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айырудың төменгі шегі үш жылдан төрт жылға дейін ұлғайтылды.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес қорғау нұсқамасының қолданылу мерзімі 10 тәуліктен 30 тәулікке дейін ұзартылды. Яғни, осы уақыт ішінде тұрмыстық

зорлық-зомбылық жасаған адамға жәбірленушіге жақындауға, тіпті, онымен сөйлесуге тыйым салынады. Егер басқа тұрғын үй болса, сот, отбасылық құқық бұзушыны, бір айға үйден шығаруы мүмкін. Сот сонымен қатар, алкогольдік ішімдіктер мен есірткіге үш айдан бір жылға дейін тыйым салуды белгілей алады. Қорғау нұсқамаларын шығару құқығы: учаскелік кәмелетке толмағандар істері және әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторларға; полиция органдарының басшыларына берілді.

Құқық бұзушы нұсқама алғаннан кейін полицияның алдын алу есебіне қойылады. Қорғау нұсқамасының талаптарын бұзу – ескертуге не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Соңғы жылдардың ресми статистикасына сүйене отырып, қазіргі Қазақстан қоғамының тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты проблемаларын салыстырар болсақ, аталған жағдайдың жылдан жылға нашарлап бара жатқанын айта аламыз. Бұл проблема көптеген факторлармен тығыз байланыста, соның ішінде құқықтық, әлеуметтік, қаржылық, тәрбие, мәдениет және басқалар. Тек қана заңды қатаңдатумен, сонымен қатар, құқық қорғау органдарын осы құқық бұзушылыққа байланысты қосымша іс-шараларын көбейту әрекеттерімен мәселе шешілмейтінін байқаймыз. Әрине, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күресте, құқықтық реттеудің орны жоғары. Соған қарамастан, басқа да осы мәселеге өзінің тікелей әсерін тигізетін факторлардың жеке тұлғалар денесінде, жалпы қоғам және мемлекет тарапынан өзінің дұрыс шешімін, сонымен қатар, толық зерттелуіне мүмкіншіліктері болғаны жөн.

Л.САТАНОВА,
ҚазҰАЗУ Құқық кафедрасының
профессоры, з.ғ.к.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл // http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_
«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, 2014, 09.01.2018 жылға дейінгі енгізілген өзгерістермен.
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 2014 жыл, 09.01.2018 жылға дейінгі енгізілген өзгерістермен.
- Декларация об искоренении насилия в отношении женщин, принятая Резолюцией Генеральной Ассамблеи ООН 23 февраля 1994 года. Статья.1
- Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының заңы, N 214-IV. 4 желтоқсан 2009 жыл. 4-бап.
<https://kz.kursiv.media>

Назгүл ЕСТЕУСІЗОВА,

Қазақстанның ұлттық коллекторлар палатасының төрағасы:

«КОЛЛЕКТОРЛЫҚ АГЕНТТІКТЕ ҚҰҚЫҚ АЗ»

– Назгүл Қарасқызы, Қазақстанның ұлттық коллекторлар палатасының құрылғанына биыл 5 жыл толады. Алға қойған мақсаттарыңыз қаншалықты орындалуда?

– «Қазақстанның ұлттық коллекторлар палатасы» заңды тұлғалар бірлестігі 2018 жылы құрылды. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын бұл бірлестік жаңадан ашылған кезде белсенді болды. Коллекторлық агенттікте құқық өте аз. Тек қана телефонмен хабарласып, хабарлама жібере алады. Соған қарамастан Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жыл сайын заңды үсті-үстіне қатайтып, көптеген өзгерістер енгізуде. Соның нәтижесінде 3 жыл бұрын палата жұмысы біршама бәсеңдеді. Оған пандемияның да әсері болды. Сондықтан, алға қойған мақсаттарды орындау баяулай бастады. «Ештен кеш жақсы» демекші, былтырдан бастап палатаның жұмысы қайта жаңартылуда. «Бір жаңадан бас, бір жеңнен қол шығарып» коллекторлардың имиджін көтеру, жұмысын халыққа жеткізуде біріге қимылдауға үндеп жатырмыз. Қызығушылық танытып жатқандар аз емес.

– Алғаш құрылғанда коллекторлық агенттіктер саны мыңға дейін жуықтаған еді. Кейін саны күрт азайды. Бұл неліктен деп ойлайсыз?

– 2017 жылдың 6 мамырындағы «Коллекторлық қызмет туралы» заң қабылданбай тұрғанда банктердегі «проблемный» бөлімдер қызметкерлерінің көбісі жеке бизнеске кетіп, коллекторлық агенттіктерін ашты. Заңның «Коллекторлық агенттікті құру және оның қызметі туралы» деп аталатын 2-тарауына



сәйкес оларға қойылатын талаптар қатайтылды. Соның нәтижесінде оған сәйкес келмегендер біртіндеп жабылды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі тарапынан жасалған жұмыстың нәтижесінде бүгінгі таңда олардың саны 180-нен сәл ғана асады.

– Несие беруші қарызды неліктен коллекторға өткізеді?

– Кредиторлар, әдетте бұлар банктер, микроқаржы ұйымдары қаржы өнімдерін са-

туға және мерзімі өткен қарыздарды қайтаруға ресурстарды жұмсамауға бағытталған. Сондықтан, оларды коллекторлық агенттіктерге береді немесе сатады. Бұл жерде мына нәрсеге назар аударған жөн. Егер несиенізді тұрақты түрде төлемеген мерзіміңіз 90 күннен кем, ал ипотекалық несие бойынша 180 күннен аз болса, онда несие беруші ұйымдардың колл-орталықтар мен софт-коллекшен қызметкерлері сізге жоғарыда көрсетілген уақыт мерзіміне дейін қоңырау шалады. Несие беруші ұйымның сіздің ісіңізді коллекторлық агенттіктерге және өзге де мамандандырылған ұйымдарға талап ету құқықтарын беруге тыйым салынады.

– Берешекті өндіріп алу кезінде коллекторға қандай әрекеттерге тыйым салынады?

– Біріншіден, борышкермен, оның өкілімен, үшінші тұлғамен заңда көзделмеген өзара іс-қимыл жасау тәсілдерін пайдалануға, екіншіден, коллекторлық агенттік өзара іс-қимыл жасасатын тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне кір келтіретін мәліметтерді таратуға не осы тұлғалардың мүдделеріне мүліктік зиян келтіруі мүмкін мәліметтерді жария етуге құқылы емес. Үшіншіден, коллекторлық агенттік өзара іс-қимыл жасасатын тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын, олардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, сондай-ақ, осы тұлғаға мүліктік және өзге де зиян келтіруге әкеп соғатын құқыққа қарсы әрекеттер жасауға, төртіншіден, борышкерді банктік қарыз шарты немесе микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауға мәжбүрлейтін күш қолдану не борышкердің, оның өкілінің, үшінші тұлғалардың мүлкін жою немесе бүлдіру, қорлау, алаяқтық, құжаттарды жалғау, бопсалау арқылы қысым көрсетуге, бесіншіден, коллекторлық агенттік өзара іс-қимыл жасайтын тұлғаны берешектің мөлшеріне, сипатына және туындау негіздеріне қатысты жаңылыстыруға тыйым салынады. Алтыншыдан, коллекторлық агенттік кредитор болып табылатын жағдайларды қоспағанда, ақшаны (қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда), сондай-ақ, өзге де мүлікті берешекті өтеу есебіне қабылдауға, жетіншіден, коллек-

торлық агенттік кредитор болып табылатын жағдайларды қоспағанда, берешекті ақшадан басқа өзге мүлікпен өтеуді талап етуге, сегізіншіден, Қазақстан заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кредитордан, оның өкілінен, үшінші тұлғалардан алынған коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны жария етуге болмайды.

– Қандай жағдайда коллектор борышкерге қоңырау шала алады?

– Кредитор борышкердің қарызын коллекторлардың жұмысына берген кезде немесе коллекторлық агенттік оның мерзімі өткен берешегін сатып алып, кредитор болған кезде, ол борышкерге телефон қоңырауларына, жеке кездесулерге, дауыстық, жазбаша және басқа да хабарламалар жіберуге құқылы. Борышкер коллекторлық агенттіктің берешекті өндіріп алу жөніндегі өкілеттіктерін растауды сұрауға құқылы. Коллекторлық агенттіктің борышкермен телефон арқылы сөйлесуі жұмыс күндері сағат 8:00-ден 21:00-ге дейінгі кезеңде үш реттен асырылмауы тиіс. Қоңыраулар санына шектеулер, қоңыраулар үшін уақыт аралығы, коллекторлардан алынатын сәттер де бар. Олар борышкер коллектормен байланысудан бас тартқанда, коллекторлық агенттікті тұрғылықты жерінің өзгергені туралы, атының, тегінің, әкесінің атының (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) өзгергені туралы, байланыс үшін пайдаланылатын ақпараттардың өзгергені туралы хабардар етпегенде, кірістер мен шығыстар деңгейі туралы, тұрғылықты жері туралы ақпараттарды ашпағанда.

– Коллекторлар арасында борышкерге еш қатысы болмаса да түгеншені тауып беріңіз деп жекесіне, жұмыс орнына хабарласушылар бар екен. Бұл қаншалықты заңды?

– Ол заңға қайшы келмейді. Қарыз беруші мен борышкер арасындағы келісімшартта қарызды қайтарудың мерзімі өткен жағдайда іздеу мақсатында үшінші тұлға, яғни, таныстарыма, туыстарыма хабарласып сұрауға болады деген келісім болады, яғни, төртінші, бесінші, алтыншы тұлға жоқ, тек үшінші тұлға деген бар. Оған көршілері де кіреді.

Коллектор оларға мынадай ақпараттарды жеткізеді, коллекторлық агенттіктің атауы; коллекторлық агенттік қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы; борышкердің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе). Егер ол берешекке қатысы жоқ және коллектормен сөйлесуге келіспесе, оған сөйлесуден бас тартатыны туралы хабарлап, коллекторлардан немесе кредитордан өзімен байланыспауды және нөмірін қоңыраудан алып тастауды сұрай алады.

– Борышкер қарызды төлемейтін болса оны үшінші тұлғалардың қайтаруға жауапкершілігі бола ма?

– Жоқ. Коллекторлық агенттікке негізінен кепілсіз несиелермен жұмыстар беріледі. Сондықтан, бұл жерде коллекторлық агенттік ешкім ешкімге кепіл болмаған соң іздеу мақсатында ғана хабарласады. Өйткені, кейбір борышкерлер телефон нөмірі ауысса хабарласпай, кейде өз телефонын көтермей жатады. Жалпы қарызды төлеймін дегендер өздері іздеп келіп, келісімге келеді. Ал жоғарыда біз атап өткен категориядағылар, керісінше, қашып жүреді. Олар төлемеудің амалын іздейді. Тіпті, шағым жасап, коллекторларға қарсы қоғамда теріс пікір қалыптастыруға тырысады. Егер сізді іздеп жүргенін білсеңіз өзіңіз неге келмейсіз десек жауаптан жалтарады. Қазір әлеуметтік желі деген жақсы болды, қарыз берушілер кімнің не істеп жүргенін инстаграмнан жиі тауып алады. Онда тіркелген достары арқылы хабарласып, сіз мына жазылушыны білесіз бе, білсеңіз тауып бере аласыз ба деп хабарлама жазады. Әрине, олар сосын борышкерге хабарласқан кезде бұл оған ыңғайсыз жағдай тудырады.

– Олардың құқы бұзылады деп ойламайсыздар ма?

– Біз борышкерді таба алмағаннан кейін іздеп жатырмыз. Егер үшінші тұлға, тіпті, туған анасы болса да «мен білмеймін маған хабарласпаңыз» деп айтқан жағдайда «Коллекторлық қызмет туралы» заң бойынша оны қайта мазалау заң бұзушылық болып табылады. Мұндай кезде «Stop-Collector» жобасы бойынша бізге шағым түсіру керек. Біз бірін-

ші басшыларына мәлімдеме жібереміз. Олар заңбұзушылық расталған жағдайда өздерінің ішкі тәртібі бойынша жаза қолданады.

– Палатаға мүше емес агенттіктерге қатысты шағымды қайтесіздер?

– «Stop-Collector» республика деңгейінде болғаннан кейін барлығына да жібереміз. Жауап болмаған жағдайда өзім коллекторлық агенттіктердің бірінші басшыларына телефон шаламын. «Осындай жағдай болып жатыр екен. Соны ушықтырмай шешіңіздер. Сөйлесіңіздер, келісіңіздер» деп. Біздің өтінішіміз аяқсыз қалған емес.

– Шағым көп пе?

– Тек шағым ғана емес, халықтан түрлі өтініш, хабарлама, мәлімдеме, ұсыныс, кеңестер көп түседі. Егер 2019 жылы олардың саны 3-4 мың көлемінде болса, 2021 жылы 6 мың, ал 2022 жылдың қарашасында 8 мыңға дейін жетті.

– Коллектор қарызға ешқандай қатысы жоқ адамға қоңырау шалса, екеуара әңгімені жазып алуға бола ма, заңға қайшы емес пе?

– Телефон арқылы сөйлесулерді, әрине, таспаға тіркеуге құқығыңыз бар.

– Қарыз алушы қарызды өтеу үшін коллекторға ақша бере ала ма?

– Коллекторлық агенттік борышты кредитордан сатып алған және борышкердің кредиторы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, коллекторларға қарыз алушыдан ақшаны қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда, сондай-ақ, өзге де мүлікті берешекті өтеу есебінен қабылдауға тыйым салынады. Борышкер коллекторлық агенттіктің кредитор ретіндегі мәртебесін растауды талап етуге құқылы. Қарыз бойынша барлық төлемдерді тек кредитордың атына ғана төлеу қажет.

– Коллекторлардың жалақыны шешіп алуға құқы бар ма?

– Коллекторлар қарыздарды жалақыдан шешуге уәкілетті емес. Жалақыдан шешіп алу банктің төлем талабы немесе жеке сот орындаушысының инкассалық өкімі негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

– Коллекторлар шотты бұғаттаған жағдайда не істеу керек?

– Коллекторлар банктік шоттарды бұғаттай алмайды. Банктік шоттарға тыйым салуды және өзге де шектеулерді тек соттар, банктер немесе жеке сот орындаушылары ғана қояды. Банк шотына шектеулер қоюдың себептерін анықтау үшін деректерді электронды сот кабинеті борышкерлердің және уақытша шет елге шығуға шектелген борышкерлердің бірыңғай тізілімі арқылы тексеруге немесе несие берушіге жүгіну қажет.

– Коллекторлар мүлікті арестқа қойып сата ала ма?

– Борышкердің мүлкіне тізімдеме жүргізуге және тыйым салуға тек жеке сот орындаушысы ғана құқылы. Мерзімі өткен борыштарды өтеу үшін сауда-саттықтан атқарушылық іс жүргізу шеңберінде мүлікті сатуды жеке сот орындаушылары жүргізеді.

Әр адам мүлікке тыйым салу мен банктік шоттардың бұғатталуын, жеке сот орындаушылардың деректерін, салық бойынша қарыздардың, әкімшілік айыппұлдардың себептерін өзі тексере алады, сондай-ақ, сот істерін іздеп және де коллекторлық агенттіктердің тізілімін мына сілтемелер бойынша қарай алады: сот істерінің болуын; әкімшілік айыппұлдардың болуын; коллекторлық агенттіктердің тізілімін; атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі сайтында атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлер тізілімінде мүлікке тыйым салу мен банктік шоттардың, шетелге шығуға тыйым салудың болуын; барлық жеке сот орындаушыларының тізімін және олардың деректерін жеке сот орындаушыларының республикалық палатасының сайтында тексеруге; салық берешегін ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында тексеруге құқылы.

– Қарызды уақытында төлемеудің салдарына тоқталып өтсеңіз?

– Егер борышкерді іздеу сәтсіз болса, несие берушілер қарызды мәжбүрлі түрде қайтару үшін сотқа, кейінірек жеке сот орындаушыларына жүгінуге тура келеді. Жеке сот орындаушылары көбірек өкілеттіктерге ие. Соның ішінде іздеу бойынша «қорытынды төлем шотын» ұсынған кезде, қарыз алушылар өз қарыз сомасының неге осылай өскеніне таң

қалады. Бұл борышкердің шығыстары мемлекеттік баж сомасына және жеке сот орындаушысы қызметтерінің құнына (өндіріп алу сомасына байланысты 3-тен 25%-ға дейін) өсетіндігінен болады. Сондықтан, мәселені сотқа дейін шешу оңай және арзан болады. Қазіргі кезде көптеген жұмыс берушілерді жұмыс ізденушінің мерзімі өткен борыштарының бар-жоғы қызықтырады. Әдетте жұмыс берушілер үшін бұл ақпарат қызметкердің сенімділігін бағалау әдісі болып табылады.

– Неліктен несие берушімен немесе коллекторлық агенттікпен мерзімі өткен қарыздар бойынша жеке кесте туралы келісу керек?

– Борышкер несие берушімен немесе коллекторлық агенттікпен жеке кесте алу туралы келісе алады. Жеке кестені алған жағдайда коллекторлар оны мазаламайды. Сонымен қатар, банктік шоттардан жеке кестені берген банктің шектеулері алынып тасталынады. Борышкерге тек ай сайынғы төлем туралы еске салатын SMS-хабарламалар келеді.

– Егер борышкердің қарызы бойынша материалдар жеке сот орындаушысына берілсе не істеу керек?

– Жеке сот орындаушысы борышкердің мүлкіне тыйым салып, кейіннен оны сауда-саттық арқылы сатып, өндіріп алу сомасы шегінде банк шоттарына тыйым салып, шетелге шығуға шектеу қоя алады. Жеке сот орындаушысы жасайтын іс-әрекеттердегі өндіріп алу сомасы, борышкердің қарызының үстіне тағы да 3-тен 25%-ға дейін міндетті түрде қосылады. Айта кету керек, бұл мәселе жұмысқа орналасу кезінде, шет елдік сапарлар кезінде кедергі болады. Борышкер тыйым салынған мүлікке және өз ақшасына еркін билік ете алмайды. Біз борышкерге осы деңгейге жеткізбеуге және мәселені сотқа дейін шешуге күш салуға кеңес береміз. Ол үшін коллекторлармен немесе Stop-Collector ұйымымен мәселені сотқа дейін шешуге жүгіну қажет.

– Коллекторлар тұтынушы мен қарыз берушінің қайсысының мүддесін көбірек қорғайды?

–180-нен астам коллекторлық агенттіктің бүгінгі таңда бізге 60-тан астамы мүшелікте тұр. Заңға енгізілетін өзгерістер мен түзету-

лерге қатысты ұсыныстары болса не қандай да бір тапсырмалары болған жағдайда біз Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен коллекторлық агенттіктер арасындағы көпірміз деуге болады. Сондықтан, тұтынушы мен қарыз берушінің мүддесін теңдей қорғаймыз. Екі тарапты бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес. Сол үшін палатаның тарапынан қаржылық сауаттылықты арттырып борышкерлерге көмек жасау, кеңес беру мақсатында 2019 жылы республикалық деңгейде «Stop-Collector» деген жоба құрдық. Жасыратыны жоқ борышкерлер көп жағдайда өзінің құқығы мен міндеттемелерін біле бермейді. Мәселен, борышкерлер көбінесе «коллекторлар телефон соғып жатыр, мен трубкуны алмай жүрмін. Оншақты рет хабарласты» дейді. Сіз сөйлестіңіз бе? – десек, жоқ дейді күмілжіп. Бәрінің бойында бір үрей мен өздері ойдан жасап алған коллекторлардың ұнамсыз образдары бар. Сосын хабарласып, сөйлесіп көрмей жатып көлеңкесінен қорқып жатады. Сондықтан, біз олармен келіскен дұрыстығын, өйткені, коллекторлар сотқа дейін борышқа қатысты мәселені шешудің тиімді жолын тауып беретінін айтамыз. Егер іс сотқа кетіп қалса, оның өсім пайызы, мемлекеттік алымы мен сот шешімін орындайтын жеке сот орындаушылардың санкциясы дегендер бар. Мұның тиімді еместігін түсіндіруге тырысамыз. Әйтсе де борышкерлер арасында істі сотқа жіберсе шешіп береді деп арқаны кеңге салып, өзінше бір қиялдың жетегінде жүретіндер де аз емес.

– Бәрі бір бағытта жұмыс істейтін болған соң коллекторлық агенттіктер неге толықтай ұлттық палатаға толық кірмей жүр?

– Қазақстанның ұлттық коллекторлар палатасына мүше болуда олардың бізбен келіспеушілігі бар деп айта алмаймын. Жұмысымызды көрмей жатқан шығар бәлкім. Кейбіреуі оның маған қандай пайдасы бар деуі мүмкін. Өйткені, коллекторлық қызмет заңмен реттелетін кәсіби жұмыс. Сондықтан, «сен тимесең мен тимеймін» деп әркім өзінің шаруасын жеке күйтеп жүре бергісі келетін шығар. Шыны керек коллекторлық қызмет мынадай жұмыс істеп жатырмыз деп кеуде керіп айтатын сала болмаған соң коллекторлық агенттіктер көбіне

жабықтау болып келеді. Біз, әрине, бәріне палата мынадай жұмыс жасап жатыр, қосылыңыз, бірге жұмыс жасайық деп хат жібереміз. Қосылу, қосылмау әркімнің өз еркінде.

– Сіздердің мүшелеріңіздің нарықтағы үлесі қандай? Нарыққа ықпал ете аласыздар ма?

– Бізбен қатар Қазақстан коллекторлар қауымдастығы бар. Оған 10 шақты коллекторлық агенттік мүше болған. Жалпы нарықта қарызды сатып алмайтын, онымен уақытша жұмыс істейтін сотқа дейінгі коллекторлық агенттіктер бар. Сосын қарызды сатып алатындар бар. Ал қарызды сатып алатындар Қазақстан коллекторлар қауымдастығына бірлескен. Біз сотқа дейінгі коллекторлық агенттіктердің басын құрап отырмыз. Олардың көбі бізде.

– Қолданыстағы заңға жаңа өзгерістер енгізілді. Одан не күтесіз?

– Міндетті түрде коллектор жұмысының тәртібі өзгереді. Жарғылық капиталдан бастап қылмыстық жауапкершілікке дейін заңға өзгерістер қабылданып жатыр. Бұл жерде енді өзінің жұмысын шынында да жақсы көретін мамандар ғана қалады. Коллекторлық агенттіктер саны да қысқарады. Оның қаншаға қысқаратынын дәл болжап айта алмаймын. Тіпті, болжаудың өзі қорқынышты болып тұр қазір.

– Мемлекет басшысының коллекторлық агенттіктерді жоспардан тыс тексеру туралы тапсырмасының қорытындысы туралы не айтар едіңіз?

– 2021 жылы тексерілді. Шектен тыс заңбұзушылықтар орын алған жоқ деп ойлаймын. Тек қана Алматыда коллекторлардың сот орындаушылармен сыбайлас болғаны туралы бір-екі факті тіркелді. Сонымен қатар, «Коллекторлық қызмет туралы» заң қағидаларын ескермей борышкерге 3 емес 4 рет хабарласып қойғандар болған. Жалпы борышкерге хабарласқан кезде қай коллекторлық агенттіктен, кім звондап тұр, қандай сумма бойынша деген сияқты сөйлесудің өз шарты бар. Сол бойынша кішкене ауытқулар болды. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі оларға әкімшілік айыппұл салды.

– Коллекторлар кодексінің нормалары қаншалықты орындалып жатыр?

– Коллекторлық агенттік жұмысшысының типтік кодексі Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Қазақстанның ұлттық коллекторлар палатасы мен Қазақстан коллекторлар қауымдастығы арасында меморандум ретінде қабылданды. Оның қаншалықты жұмыс істеп жатқанын мен толыққанды айта алмаймын. Бірақ, өзімізде 2023 жылдан бастап қаржы сауаттылығын арттыру бойынша әр өңірге барып, борышкерлер, коллекторлар және жергілікті әкімшіліктермен келісім жасау туралы жоспар бар. Одан бөлек түсіндірме жұмыстарын жұмыскерлермен, жұмыс берушілермен де өткізу ойымызда жүр. Оның бәрі типтік кодекстің қолданыс аясын кеңейтіп, оны коллекторлық агенттіктердің ішіне сіндіру үшін жасалатын болады.

– Қандай адам коллектор бола алады?

– Коллекторлық агенттіктің жұмысы өте ауыр. Күнделікті жұмыс көп. Коллекторлыққа келетіндер біреуге шынайы көмектескісі келетін, ешкімнің мәселесіне бей-жай қарай алмайтын және өз ісіне жан-тәнімен берілген адам болу керек.

– Арнайы білім керек пе?

– Қазіргі таңда арнайы білім керек емес. Коллектор болуды ешкім, еш жерде үйретпейді. Әр мекемеде өзінің оқу дәрістері, практикалары бар. Үміткерлер содан өтіп барып коллектор бола алады.

– Олардың білімін жетілдіру жұмысы палата тарапынан қарастырылған ба?

– Коллектор заңгер болу керек деп біз жорамалдаймыз, әрине. Бірақ, жас заңгерлер бұл салаға көп келе бемейді. Онда негізінен орта білімі бар, колледж бітіргендер ғана істейді. Сіз жоғарыда сауал етіп қойған тексерісте ол мәселе де қамтылып, коллекторлардың орта жасы 28 екені айтылып, оны ұлғайтсаңыздар деген ұсыныс жасалды. Жалпы орта жастағы адамдардың көбінің өз жұмысы бар және олар коллектор болып істегісі келмейді. Жұмыс өте ауыр. Өйткені біреудің қарызын қайта-қайта есіне салып, оны төлеу керек екенін ескертіп, болмаса келісімге келіңіз деп шақырудан бөлек оның ар жағында неше түрлі көңіл-күйде тұрған кісілер бар. Біреуі денсаулығына байланысты ауруханаға түсіп қалады, біреуі жақынынан айрылады деген сияқты. Оны

біз алыстан көріп, сезіп біле алмаймыз ғой. Сондықтан олардың арасында боғауыз сөз айтып боқтайтындары және өзімізге ақыл айтып кететіндері де бар. Мұның бәрі психологиялық тұрғыдан өте қиын. Сондықтан кадр тұрақсыздығы көп. Бұл жұмыс өзі сырттай қызықтайтын, жұрт кереметтей қызығып іздеп тұратын жұмыс емес.

– Борышкерлер санын азайтуға қаншалықты үлес қосып жатырсыздар?

– Санмен айта алмаймын. Былтыр 1 қазанда елде ресми түрде 1,5 млн борышкер бары айтылғанын білеміз. Бірақ, бұл жерде мына нәрсені ұмытпауымыз керек. Борышкерлердің жартысына жуығының ішінде тек біреу ғана емес, тіпті, 4-5 жерден қарыз алғандары да бар. Сондықтан, жалпы саны көп секілді болғанымен, нақты борышкерлер саны ресми түрде айтылып жүргендей аса көп емес.

– Қарыз берушілер мен борышкерлердің коллекторлық қызмет нарығына деген сенім деңгейін қалай бағалайсыз?

– Алдағы уақытта нарыққа әлеуметтік сауалнама жасау жоспарда бар. Коллекторларға қатысты қоғамда неге теріс пікір қалыптасып отыр десек, осы арада мына бір мәселені де айта кеткім келіп отыр. Қоғамда коллекторларға қарсы жұмыс жасайтын адамдар да бар. «Коллекторлық қызмет туралы» заңды оқып алып, тырнақшаның ішіндегі бірқатар «заңгерлер» кейде борышкерге көмектесудің орнына оны одан ары адастырады. Сондай-ақ, Ресейдегі бірқатар блогерлер де құқықтық сауаты жоқ адамдарға коллекторлар ештеңе істей алмайды біздің заңымыз ұқсас деп өзінше кеңес береді. Әр елде халықтың менталитеті әрқилы екенін олар ескере бермейді. Қарыз алған соң оны төлеу әрбір адамға міндет. Ал жаңағы адамдар көбінесе қарызды насихаттайды. Олар қарызды қалай қайтаруды емес, бермеу жолында көп жұмыс істейді.

– Мерзімі өткен борыштарды сотқа дейін реттеуде қарыз алушылардың құқықтары жиі бұзылатыны қаншалықты рас?

– Мұнша пайыз бұзылып жатыр деп статистика келтіре алмаймын. Әр ситуацияда әр борышкердің жағдайын жеке-жеке қарау керек деп ойлаймын.

– Коллекторларға, коллекторлық қызметке деген сұраныс қоғамда қаншалықты жоғары?

– Түрлі қаржылық ұйымдар көп болған соң сұраныс та болуы заңдылық. Барлық жерде нарық өз талабын қойып жатыр. Әртүрлі жағдай болады. Жұрттың бәрі қарыз алғанда оны кейін төлемеймін, бермеймін деп алмайды ғой. Жартысы әйтеуір бірдеңесі болар, кейін көре жатармыз дейді. Сондай ниетпен алған соң қаржылық қиындық болған кезде оларға көмек қолын созу үшін коллекторлық ұйымдар керек деп ойлаймын.

– Коллектор болу үшін арнайы заңгерлік мамандық алудың керектігі жоқ па?

– Қазіргі сәтте солай, бірақ кейін өзіміз бір тренд қалыптастырсақ деген ойымыз бар. Жеке бір мамандық болмаса да соған жақындау, соған үйренетіндей. Жалпы, болашақта коллекторларды да кәсіби түрде дайындау керек шығар деп ойлаймыз. Коллекторлық ұйымдар қазір ірі қалаларда ғана шоғырланған. Мәселен, қазір оның 50 пайызы Алматыда орналасқан.

– Заңгерлерді дайындайтын жоғары оқу орындарымен оны бірлесіп дайындау туралы талқылау болды ма?

– Қазіргі сәтте жоқ. Сіздің осы сұрағыңыздан кейін мен де бұл туралы ойланып қалдым.

– Қарызды қайтармауда қаржылық сауатсыздық басым ба, әлде әлеуметтік тұрмыстың төмендігі мен жауапкершіліктің аздығы көбірек әсер етіп отыр ма?

– Өзім де халықпен көп жұмыс істеймін. Көбі қарызы бар адамға, не студентке не үшін бересіңдер деп өзімізге шағым айтып жатады. Оларға біз берген жоқпыз, біздің қызметіміз басқа десек, онда қаржылық ұйымдар неге береді деп ашуланады. Ендеше сіз неге аласыз десем, беріп тұрған соң алдым ғой дейді. Егер әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылғымыз келсе бізде де барлық қызмет көрсету саласы қамтылу керек. Ал несие не қарызды алу-алмау әр адамның өз таңдауындағы шаруа.

– Оны заңмен реттеу, шектеу мәселесі қалай?

– Бұрын несие алушының кредиттік та-

рихы 15 күн сайын жаңаратын. Былтырғы қыркүйек айынан бастап күніне 1 рет жаңаратын болды. Ол да мемлекеттің халықтың несиелік жүктемесін азайту үшін дұрыс ойластырып жасап отырған дүниесі деп ойлаймын.

– Біз жасадық дейтіндей қолданыстағы заңнамаға енгізген нақты ұсыныстарыңыз бар ма?

– Мынау біздің ұсыныс бойынша қабылдан-ды деп нақты айта алмаймын. Олар негізінен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен тұтынушылар құқын қорғау органдары тарапынан жасалады. Біз тек жобаны қараған кезде мынаны былай өзгертсек дұрыс болар еді деп редакциялық тұрғыдан болмаса, заңға ауыз толтырып айтарлықтай үлес қоса алмай жатырмыз. Әрине, заң шығарушылар бізбен де санасса екен деп ойлаймыз. Нарықта жүргеннен кейін біздің практикалық тәжірибеміз көбірек. Біздің ой-пікірімізді, ұсынысымызды сұрап, ескерсе дейміз. Алайда, бізден оны сұрап жатқан ешкім жоқ әзірге. Коллекторлар құқы тек біржақты қатайтылуда. Заңда екітараптың мүддесі бірдей қорғалу керек қой. Қаржылық үдерістер әлі де терең ойластырылып жасалып жатқан жоқ.

– Палатаның 5 жылдағы атқарған жұмысын түйіндеп айтып бере аласыз ба?

– Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне қарағанда бізге түсетін арызшағым мен өтініштер саны әлдеқайда көбірек. Оны биыл Парламентаризм институты да атап өтті. Мәселен бізге айына 700-800 өтініш түседі. Бұдан басқа 2021 жылы меморандум түрінде қабылданған коллекторлардың типтік кодексі мен 2019 жылы бастаған «Stop-Collector» деген жобаны атап өте алам.

– 2023 жылдың нақты жоспарлары қандай?

– Заң аясында қоғамнан оның бір мүшесі ретінде өз орнымызды алу. Одан кейін палатаға коллекторлық агенттіктердің санын 30 пайызға ұлғайту. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттырып, 1,5 млн борышкердің кем дегенде 10 пайызына көмектесе алсақ, сол біз үшін үлкен жетістік болар еді.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Е. КЕБЕКБАЙ

ГАЗ БАҒАСЫНЫҢ ТЕҢГЕРІМДІЛІГІ САҚТАЛСА



Елімізде сұйытылған мұнай газының бөлшек сауда бағасы мемлекет тарапынан реттелмек. Сонымен қатар сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізу кезінде бағаны реттеу тәртібі өзгертілуі мүмкін.

Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сұйытылған газ айналымын реттеу процестерінің реинжинирингі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда қаралған кезде мәлім болды. Депутаттар бастамашылығымен дайындалған бұл құжатты заң жобасы бойынша құрылған жұмыс тобының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева қорғады.

Сұйытылған мұнай газының бағасының көтерілуі былтыр қаңтар трагедиясына ұласқаны белгілі. Осы оқиғадан кейін Мемлекет басшысы газ саласын қалпына келтіруді тапсырған еді. Аталмыш заң жобасы – осы бағытта қолға алынған шаралардың бірі болып отыр.

Жоба сұйытылған газ айналымы саласында қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мақсатында әзірленіпті. Тұтастай алғанда бұл құжат сұйытылған мұнай газының бөлшек сауда бағаларын мемлекеттік реттеуге, көтерме саудада өткізу кезінде бағаны мемлекеттік реттеу тәртібін өзгертуге, «газ толтыру пункті», «газ толтыру станциясы»,

«мұнай-газ-химия өнімдері» ұғымдарын нақтылау, «тауарлық, сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды өндіруге», «сұйытылған мұнай газын өндірушінің өндірістік объектісі» және «топтық резервуарлық қондырғы» ұғымдарын айқындауға бағытталған.

Заң жобасында 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексіне «Газ және газбен жабдықтау туралы» заңына өзгерістер мен толықтыруларды қарастырып отыр. Жұмыс тобына депутаттар мен комитеттерден 50 ұсыныс келіп түсті, олар мүдделі мемлекеттік органдар, қоғамдық және сараптамалық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс

тобының және комитеттің отырыстарында талқыланды. ҚР Мәжілістің барлық комитеті заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Сұйытылған газ бағасы соңғы уақытта расында да әлеуметтік маңызды мәселеге айналған жайы бар. Ұзақ уақыт бойы газ бағасы қолжетімді болды. Адамдар еш ойланбастан отынның осы түріне көшті. Әсіресе, батыс өңірлері тұрғындарының басым бөлігі жеке көлігін газбен жүргізуге, кәсіпкерлік қызмет көрсетуге сұйытылған газды пайдалануға басымдық берді.

Бағаны реттеуді күшейтуге қатысты заң жобасында ұсынылған шаралардың қажет екені сөзсіз. Десе де, бұл халық үшін сұйытылған газ бағасының өсуіне алып келмей ме? Заң жобасын талқылау барысында депутаттар мәселенің осы қырына назар аударған еді. Бірақ Екатерина Васильевнаның айтуынша, бұған алаңдауға еш негіз жоқ. Өйткені, қаралып отырған заң жобасында реттеуді күшейту емес, баға саясатын айқындаудың тиімді тетігін қалыптастыру көзделіп отыр. Бүгінгі таңда сұйытылған газ бағасы екі реттеушінің қолында тұр. Яғни, көтерме баға саясатын Энергетика министрлігі анықтайды. Ал, бөлшек сауда бағасын былтырғы жылы әкімшілік әдіспен реттеу жайлы шешім қабылданғандықтан Бәсекені реттеу агенттігі құзырына берілген болатын. Осылайша бір салада екі түрлі реттеуші болғандықтан, бір тауардың әр түрлі бағасы қалыптасып отыр. Бірақ олардың ұстанатын қағидаты бір-бірінен алшақ емес. Энергетика министрлігі негізінен салалық ұстаныммен әдістемелік қисынға барынша жақын болса, Бәсекені қорғау агенттігі экономикалық нарықтағы тұрақтылықты сақтауды көздейді. Сондықтан бұл заң жобасында Энергетика министрлігінің қажетті жағдайларда өндірісте де, бөлшек сауда барысында да баға саясатын белгілеу құзыреті айқындалды. Яғни, бұл ретте бұл құзырлы орынға белгіленген шектерді өзгерту емес, барлық кезеңдерде бағаны қалыптастыру әдістемесін айқындау жүктеліп отыр.

Егер бір реттеушіде екі түрлі баға болса, онда министрлік осы екі бағаның тең-

герімділігін қамтамасыз ету керек. Өйткені, бізде өндіруші 16 теңгеден сатқан газдың бағасы бөлшек саудада 80 теңгеден болғаны белгілі. Осының салдарынан заводтар дами алмады. Одан соң көтерме баға өсіп, бөлшек сауда төмен болып қалған жағдай да туындады. Ол кезде логистикалық шығындар өтелмеді. Осындай жағдайдың алдын алудың жалғыз жолы – бағалар арасындағы теңгерімді қалыптастыру. Екінші амал өндіріс кезеңінде де, саудалау барысында да бағаны еркіне жіберу. Бірақ бұл әдіс қазіргі таңда нарық тиісті деңгейде ашық болмағандықтан және толыққанды реттелгендіктен тиімді емес. Сала тек толықтай цифрланған кезде ғана нарықтық реттеу шаралары іске қосылатын болады. Әзірге мемлекеттік реттеу бұл саладағы мәселені шешудің бір нұсқасы ретінде қарастырылып отыр. Құжат бірінші оқылымда мақұлданды.

Жалпы, отырыста сонымен қатар депутаттар 13 заң жобасын жұмысқа қабылдады. Олардың қатарында Үкімет сағатында талқыланған Әлеуметтік кодекс жобасы, жылу энергетикасы туралы, Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару және соған байланысты өзгерістер мен толықтырулар туралы, кейбір заңнамалық актілерге әлеуметтік қамсыздандыру және жол қозғалысын ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобалары бар. Әкімшілік және Салық кодекстеріне, кейбір конституциялық заңдарға өзгерістер мен толықтыруларды, сондай-ақ, бірқатар ратификациялық заң жобалары да мәжіліс қоржынына қосылды. Бірқатар халықаралық келісімдер мақұлданып, Сенатқа жолданды. Нақтырақ айтар болсақ үшінші елдермен өзара саудадағы техникалық кедергілерді жою тәртібі және шарттары туралы келісім, Қазақстан мен Әзірбайжан арасындағы Өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы құжаттар мәжіліс депутаттары тарапынан қолдау тапты. Олардың ендігі тағдыры Жоғары палата құзырында.

Айша ТҰРМАҒАМБЕТОВА,
журналист

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Мемлекеттік тіл кез келген елдің тұғырлы тірегі, сондықтан, осы тілде сөйлеп, оның мәртебесін көтеру әрбір адамның азаматтық борышы. Бұл үшін, әрине, кімге болса да өз елінің мемлекеттік тілінде сөйлеу – парыз. Біздің бұлай деуімізге Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі екені Конституциямен айқындалса да, оны дамыту мәселесінің бүгінге дейін күн тәртібінен түспеуі себеп болып отыр.



Нұрсұлтан ҚОЙШЫБАЕВ,
Қонаев қалалық сотының судьясы

Мысалы, мемлекеттік тіл тағдырында кей замандастарымыз «Көш жүре келе түзеледі» қағидатын алға тартады. Шын мәнінде, дәл осы түсінік көп адамды мемлекеттік тіл мәселесінде кері көзқарасқа итермелейді. Бұған қоғамымызда 32 жылдан бері қазақ тілін білгісі де, сөйлегісі де келмейтіндер қатарының азаймауы дәлел.

Шындығында «көштің түзелуі» тек өзімізге, яғни, Қазақстан мемлекетінің азаматтарына байланысты. Сондықтан, мемлекеттік тілді өз тұғырына қондыру кімнен болса да нақты істі талап етеді. Ол үшін барлығымыз қазақ тілін үйреніп, үйде, көшеде, жүрген ортамызда болсын, барлық жерде тек қана қазақша сөйлеуге талпынуымыз керек. Өйткені, мемлекеттік тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі әрі бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміз бен теңдігіміздің қайнар көзі, кемел келешегіміздің ұйытқысы.

Ата Заңымыздың 7-бабында Қазақстан Рес-

публикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі екені тайға таңба басқандай көрсетілген. Сондай-ақ, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатыны да айтылған. Бірақ, бұл орыс тіліне басымдық беру керек дегенді білдірмейді. Қазақстанда тұратын өзге халықтар тілдерін дамыту үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Бұл тұрғыда ешкімге қысым көрсетілмейді. Соған сай, ел азаматтары да мемлекет тіліне құрметпен қарауы тиіс.

Сот өндірісіне келсек, Қылмыстық-процестік және Азаматтық процестік кодекстерде Қазақстан Республикасында қылмыстық және азаматтық сот ісі қазақ тілінде жүргізілетіні, қажет болған жағдайда сот ісінде мемлекеттік тілмен қатар орыс тілі және басқа тілдер қолданылатыны арнайы баптармен көрсетілген. Яғни, қылмыстық істер бойынша сот тілі,

бұл істерді қараудың кез келген сатысында өзгертілетін болса, азаматтық талап арыздар өзге тілде берілген жағдайда, сот тілі мемлекеттік тілге тек азаматтық істі қарауға әзірлеу сатысында ғана өзгертілуі мүмкін.

Қылмыстық процестік кодекстің 30-бабының 2-бөлігімен айқындалғандай, қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады. Сондай-ақ, қылмыстық сот ісіне қатысатын адамдар үшін істің қажетті, басқа тілде жазылған материалдарын қылмыстық сот ісін жүргізу тіліне аудару тегін қамтамасыз етілген. Осының өзі кез келген қылмыстық істің тек мемлекеттік тілде жүргізілуі керектігін көрсетеді. Бұдан да өзге нормалар аталған баппен нақтыланған.

Осы баптың талаптарын сотқа дейін тергеп-тексеру барысында тиісті органдардың толық орындалмайтыны тәжірибеде байқалады. Соның салдарынан, іске қатысушылардың барлығы қазақ бола тұра, тіпті олардың арасында орыс тілін жетік білмеу жағдайларында да, қылмыстық істер орыс тілінде жүргізілуде. Мұндай жағдайда тергеп-тексерудің тек қазақ тілінде жүргізілуін, ал күдікті басқа ұлт өкілі болған жағдайда ғана арыз бойынша басқа тілге өту мүмкіндігі қарастырылуы керек. Осылай еткенде ғана қылмыстық істер бойынша сот өндірісінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуде бір нәтиже болады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, заң бойынша тергеу органдары қылмыстық іс жүргізу тілін орыс немесе басқа да тілде жүргізу үшін уәжді қаулы шығаруы керек. Бірақ, осы заңдылық көп жағдайда іс барысында орындалмай жатады. Яғни, тергеу орындары уәжді қаулы шығармастан істі орыс тілінде жүргізіп, заң нормаларына қайшылық туғызады. Сондықтан, күдікті мен айыпталушыға сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу туралы құқықтарын жан-жақты түсіндірудің маңызы зор. Заңмен нақтыланған талаптардың орындалмауы, өз кезегінде, қазақ тілінің мәртебесіне нұқсан келтіріп жатқаны ащы шындық.

Қазіргі қоғам әрбір адамның республикамыздың Тіл туралы заңымен көрсетілген «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі» деген талабын мүлтіксіз орындалуын талап

етіп отыр. Әрбір қызметкер өз қызметінде осы бір ғана норманы қатаң ұстанса, мемлекеттік тілдің мәртебесі артар еді. Тағы бір айтарым, бізде қазақ тілін біле тұра аудармашы көмегіне жүгіну қалыпты жағдайға айналып барады. Осы үрдістен құтылуымыз керек. Бұл тұрғыда соттар сот процестерін толықтай мемлекеттік тілде жүргізу қажеттігіне қоғамның назарын баса аудартуда. Мұндай игі бастаманы барлық мемлекеттік орган мен мекемелер қолдап, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуді өз ішінен бастаса, нұр үстіне нұр болар еді.

Өкінішке қарай, БАҚ беттерінен мемлекеттік қызметте бола тұра, өз тілімізде жетік сөйлей алмайтын шенеуніктерді, оларға қатысты қоғамның сыни пікірлерін жиі байқаймыз. Бізде мемлекеттік тілді дамытуда мемлекеттік қызметкерлер белсенділігі жетіспеуде. Өске-лең ұрпақ мемлекеттік саясатты іске асыратын негізгі буынға қарап бой түзейтінін ескерсек, мемлекеттік тілге деген жанашырлық, құрмет мемлекеттік қызметшіден басталғаны абзал.

Мемлекеттің басты тілінің мәртебесін асқақтатып, өз биігіне шығару елдік іс. Сондықтан, бұл мәселеге ел азаматтары, әсіресе, лауазымды тұлғалар шексіз жауапкершілікпен қарап, қазақ тілін өзінің күнделікті тірлігімен етене байланыстырулары керек. Әрбір адам отбасынан бастап, кез келген ортада қазақша тілдесе ғана қазақ тілінің өрісі кеңиді.

Біздің мемлекетімізде тұратын өзге ұлттар мен ұлыстар тілінің дамуы үшін тиісті шаралар қабылданған. Осы себепті, олар да өз ана тілдерімен қатар өздері өсіп-өніп отырған Қазақстанның мемлекеттік тіліне айрықша құрметпен қарауға міндетті. «Өз-өзіңді сыйласаң, жат жанынан түңілер» демекші, қазақ тілінің дамуына ең алдымен өзіміз мүдделілік танытып, өзгелерге үлгі боларлық іс-әрекеттер жасауымыз қажет. Сонда ғана дiттеген межеге жетеміз.

Мемлекеттік тілді білу және осы тілде сөйлеу өз Отаның мен еліңе деген жауапкершілігің мен құрметіңді көрсететінін ұмытпаған абзал. Болашағымыздың жарқын, мемлекетіміздің мықты болуы қазақ тіліне тікелей байланысты. Өйткені, Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл». Ұлт ұстазының осы сөзі әрбір қазақты ойландыруы тиіс.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ӘР МАМАННЫҢ ӨЗ ОРНЫ БАР

Сот жүйесі азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың кепілі болғандықтан, халық әрқашан әділдіктің туы жығылмауына күш салатын сот жүйесіне зор сенім артады. Ал халық сеніміне лайық болу жолында саладағы әрбір маманның өз орны бар. Осы орайда атап өтер жайт, халықтың сотқа деген құрметі мен сенімі тек судья шығарған үкімге орай қалыптаспайды. Сонымен бірге, тұтас сот жүйесіндегі халыққа қызмет көрсету сапасына, сот қызметкерлерінің халықпен қарым қатынасына да көп нәрсе байланысты.



Азат НҰРБОЛУЛЫ,
Алматы қаласы бойынша Соттар
әкімшісінің кеңсе меңгерушісі

Атап айтар болсақ, сот төрелігін атқаруда сот кеңсесінің алатын орны ерекше. Бәрі сот табалдырығын аттаған азаматтарды ілтипатпен қабылдап, ізетпен қызмет көрсетуден басталады.

Соңғы жылдары сот жүйесіне жаңа технологиялардың енгізілуі кеңсе жұмысын адам танымастай өзгертті. Карантин кезінде де сот жүйесінің кеңсе қызметкерлері демалмастан қызмет етті. Өйткені, сот жүйесіндегі құжат айналымы үздіксіз тоқтамайтындықтан коронавирус індеті кезінде карантин шектеулеріне қарамастан кеңсе қызметкерлері өз ісіне адалдық таныта білді. Қанша жерден карантин болғанымен ел ішіндегі кейбір даулар

уақыт күтіп тұра алмайтын болғандықтан және халық сотқа үмітпен қарап отыратын болғандықтан сот жүйесінің кеңсе қызметкерлері жұмысын үзбестен атқаруы қажет болды. Еліміздің сот жүйесінде осы саланың беделін арттырып, қарапайым халықтың үдесінен шығу мақсатында қыруар жұмыстар атқарып, кеңсе мамандары тыным таппағанын тұтас қоғам байқады.

Кеңсе қызметкерлері қиын да күрделі саланың бел ортасында жүріп, азаматтардың сотқа жүгіну барысында туындаған сұрақтарына жауап беріп, соттағы әрбір маманға жеке көңіл бөліп, олардың әрқайсысы өз жұмыстарын мінсіз орындауын назарда ұстап, жұмысына бар зейінін салады. Себебі, кеңсе жұмысының ұтымды ұйымдастырылуы – әділ сот төрелігіне деген сенімнің айнасы екенін сот мамандары жете түсінеді.

Рас, қазір сала толығымен электронды форматқа көшкен. Бұрын сот отырысының хаттамалары қолмен жазылатын болса,

қазір бәрі электронды толтырады. Дегенмен одан кеңсе қызметкерлерінің жұмысы жеңілдеп кетті дей алмаймыз. Сала заманауи талаптарға сай компьютермен және басқа да құралдармен жабдықталғанымен, жұмыс ырғағы ауысқан жоқ. Яғни, кеңсе қызметкерлерінің сот отырысында өз міндеті бар. Рас, сот отырысы залдарының дыбыс-бейнежазба құрылғыларымен қамтамасыз етілуі сот хатшыларының жұмысын едәуір жеңілдетті, қағазбастылықтан арылтты. Судьяның таспаны тоқтатуға, редакциялауға мүмкіндігі жоқ. Бұл судьяларға қатысты негізсіз шағымдардың да жолын кесті.

Таспаны кез келген уақытта алып, қайта көруге болатындықтан тараптардың құрылымға деген күмәні сейілді. Қазіргі кезде өзін-өзі толық ақтаған бейнеконференциялық байланыстың соңы онлайн сот отырысына ұласқанын көріп отырмыз. Заманауи технологиялар сот жүйесінің жұмысын жеңілдеткенімен, кеңсе қызметкерлерін қажетсіз ете алмайды.

Анығын айтқанда, сот кеңсесін қайнап жатқан істің ордасы деуге болады. Сот кеңсесімен барлық істер, құжаттар тіркеліп, есебі қалыптастырылып және аяқталып, орындауға жолданған әрбір сот актісіне бақылау жасалып отырады. Тобықтай сөздің түйіні, сот кеңсесі жұмысын өз дәрежесінде ұтымды ұйымдастыра білу сотқа жүгінушілердің әділ сот төрелігіне деген сенімін қалыптастырады. Сондықтан, саладағы кеңсе қызметкерлерінің сот жүйесінде өз орны бар!



АЛҚАБИ БОЛУ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Алқабилер сотының болуы сот төрелігінің және қоғамның жоғары демократиялылығын көрсетеді. Алқабилер алқасының міндеті – процеске қатысушылар ұсынған дәлелдемелердің негізінде адамның кінәлілігін немесе кінәсіздігін анықтау. Олар істі құқықтық тұрғыдан емес, өмірлік тәжірибе, адамгершілік, даналық тұрғысынан бағалайды. Ал жазаның өзін «ар-ожданмен» шешім қабылдайтын қарапайым адамдардың кесімі негізінде кәсіби заңгер – судья анықтайды. 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда жүзеге асып келе жатқан алқабилер соты – сот төрелігін жүзеге асыру нысандарының бірі болып табылады. Дәл осы кезеңде «Алқабилер туралы» заң және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық іс жүргізуді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қолданысқа енді.



Қамажай ОМИРОВА,
Астана қаласы қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының
кеңсе меңгерушісі

Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 2022 жылдың 11 айында алқабилердің қатысуымен 2 тұлғаға қатысты 2 қылмыстық іс қаралды. Барлық қылмыстық істер айыптау үкімімен қаралды. Алқабилер сотының үкімімен азаматтар кінәлі деп танылып,

әртүрлі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Бұл институттың құрылғанына 15 жылдан астам уақыт өтсе де, азаматтар онымен жете таныс емес. Осы мақала арқылы жоғарыда аталған заң туралы ақпаратты жеткізгім келеді. Әрине, сотқа ісі түспеген адам өмірде

мұндай ақпаратты білудің қажеті жоқ деп санайды, тіпті, алқабилерге кандидат ретінде сотқа келу туралы хабарлама алғаннан кейін де олар түсінбестік танытады. Азаматтар тарапынан көбінесе «бұл қандай хабарлама? Менің деректерімді қайдан алдыңыз? Неге мен? Басқасын таңдамайсыз ба? Менің жұмысым бар, менің балаларым бар» деген сөздерді жиі естіміз. Бүгінгідей ақпараттық заманда бұл тақырып БАҚ беттерінде жиі айтылып тұрғанымен, азаматтардың алқабилер жұмысынан бейхабар болуы қынжылтады. Осыған орай сот қызметкерлері олардың азаматтық борышын өтеу мақсатында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Алқабилерге кандидаттардың тізімін облыстағы сайлаушылар тізімін негізге ала отырып облыс әкімдігі қалыптастырады. Алқабиге кандидаттардың тізіміне енгізілген, тізімдерден шығаруға заңды негізі жоқ азаматтардың өз міндеттерін орындаудан бас тартуға және сот төрелігін жүзеге асыруға қатыспауға құқығы жоқ.

Сот отырысының басталатын орны мен уақыты туралы хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті. Азаматтың алқабиге міндеттерін орындау үшін сотқа шақырылған уақытта себепсіз келмеуі Қазақстан заңында белгіленген ескерту немесе 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салу түріндегі жауаптылыққа әкеп соғады.

Сондай-ақ, алқабилерге кандидаттардың тізіміне алқабилердің тізімін жасау кезінде жиырма бес жасқа толмаған; өтелмеген не алынбаған соттылығы бар; сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдар; судьялар, прокурорлар, тергеушілер, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ, құқық қорғау органдарының қызметкерлері; психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзушылықтарының (ауруларының) себебі бойынша денсаулық сақтау ұйымдарында есепте тұрған адамдар енгізілмейді. Сонымен қатар, алқабиге кандидаттардың тізіміне азаматтарды енгізу барысында олардың шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық

және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша қандай да бір шек қоюға жол берілмейді. Қылмыстық іс жүргізу тілін білмейтін; дене немесе психикалық кемістіктеріне байланысты алқабилердің қызметін атқара алмайтын; алпыс бес жастан асқан егде адамдар және дін қызметкерлері жазбаша өтініші бойынша алқабилерге кандидаттардың тізімінен шығарылады.

Келесі кезең – нақты қылмыстық іс бойынша кандидаттар арасынан алқабиді іріктеу. Аса ауыр қылмыс жасады деп айыпталған адам істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы сотқа өтініш жасауға құқылы. Судьяның қаулысымен алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысуға шақырылатын кандидаттардың саны, негізгі сот талқылауының күні мен уақыты айқындалады. Үміткерлер тізімі жыл басында бекітілген тізімнен кездейсоқ іріктеу әдісімен, яғни жүйеден автоматты түрде іріктеу арқылы қалыптасады.

Алқабиге ретінде қылмыстық істі қарауға қатысқан адамдарға бюджет қаражаты есебінен аудандық сот және оған теңестірілген сот судьясының (1 жылға дейін өтілі бар) лауазымдық жалақысының жартысы мөлшерінде, бірақ алқабидің сотқа қатысу уақытына (жұмыс күнінің санына) барабар, оның негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақысынан кем емес мөлшерде сыйақы төленеді. Сондай-ақ, іссапар шығындары төленеді, ол үшін шығындар туралы қажетті құжаттарды (жол билеттері, жалға алу және т.б.) ұсыну қажет. Сотта алқабидің міндеттерін атқару уақыты еңбек өтілін есептеген кезде есепке алынады. Алқабидің міндеттерін атқару кезінде оның негізгі жұмыс орны сақталады. Алқабидің сотта міндеттерін атқаруы кезінде оны жұмыс берушінің бастамасымен жұмыстан шығаруға немесе ақысы төмен жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді.

Алқабилердің шығарған үкімі елдегі заңдылық пен тәртіптің беделін арттырады, тұрақтылық пен құқықтық тәртіпті орнатуға ықпал етеді. Азаматтарға, алқабиге болу – Қазақстан Республикасы азаматының абыройлы міндеті екенін түсіндіргім келеді.

МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАСЫНЫҢ ПӘРМЕНІ ЗОР

Бытырғы жылы заң саласындағы елеулі жаңалықтың бірі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануымен тікелей байланысты. «Халықтық заң» деген ат алған бұл құжаттың азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудағы орны бөлек. Себебі, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс мемлекеттік органдардың әрекеті мен әрекетсіздігінен зардап шегіп, қолдау күткен жеке және заңды тұлғалардың нағыз көмекші құралы десек шындықтан алыстамаймыз.



Жаңа кодекс бойынша әкімшілік соттардың жұмыс істей бастағанына бір жылдан асты. Осы аралықта жаңа кодекстің жаңалықтарын, артықшылықтарын қарапайым халыққа түсіндіру, таныстыру бойынша соттар тарапынан өте ауқымды жұмыстар жүргізілді. Бұқаралық ақпарат құралдарының, әлеуметтік желілердің алаңын мінбер еткен судьялар мен сот қызметкерлері кодекстің негізгі басымдықтарын насихаттауда жетекші рөл атқарды.

Әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыру және жария-құқықтық дауларды сотта қарау тәртібін дәйектеген кодекстегі оң өзгерістерді түсіндірудің тиімді болғанын бүгінгі өзгерістерден бағамдау қиын емес. Соның арқасында әкімшілік соттарға жүгінушілер қатары ғана емес, жария-құқықтық дауларда мүддесі қорғалып, жеңіске жеткен тараптар саны да өсе түсті. Мұның барлығы халықтың Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің маңызын мойындап, әділ төрелікке деген сенімін бекіте түсті. Ал жаңа заң қабылдау керектігін тапсырған Мемлекет басшысы өз жолдауында билік органдарының шешім-

дері мен іс-әрекеттеріне шағымдану кезінде, жария-құқықтық қатынастарда азаматтар көбінесе тең емес жағдайда қалатынын, олардың мүмкіндігін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыру мүмкін еместігін әділ аңғарған болатын. Осылайша жоғарыда тұрған органда және сотта билік органдарымен дауларды қарау кезінде азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктері жасалғаны белгілі.

Кодекс әкімшілік рәсімдер мен қоғамдық құқықтық қатынастар саласындағы сот ісін жүзеге асырудың құқықтық негіздерін, қағидаттарын, ережелерін белгілеп беруімен құнды. Бұл құжат сонымен бірге мемлекеттік аппараттың жұмысына тың серпін бергені анық.

Әкімшілік процестің жаңашылдықтары деп талап қою түрлерін, сот талқылауының шектерін және сот бақылауын, жауапкерді сот шешімін орындауға процестік мәжбүрлеу шарасы ретінде ақша өндіріп алудың көзделгенін ерекше атауға болады. Процестік мәжбүрлеу шарасы әкімшілік істерде сот шешімі орындалғанға дейін бірнеше рет қол-

данылуы мүмкін. Қазіргі кезде азаматтар ақшалай өндіріп алу қалай қолданылады, процестік мәжбүрлеу шараларының пәрмені бар ма деген сауалдарды жиі қояды. Шын мәнінде бұл тетік әкімшілік сот істерінің сапасын көтеру үшін, сот бақылауын нығайту үшін, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың жауаптылығын арттыру мақсатында енгізіліп отыр.

Кодекстегі «Сот бақылауы» деп аталатын арнайы тарауға сәйкес судьялар өзі қабылдаған шешімнің орындалуына тікелей бақылау жасайды. Бұл шешімдердің орындалмай орта жолда қалмауына ықпал етеді. Бұл заңды қолданудың нақты тәртібі бар. Соған сәйкес шешім заңды күшіне енгеннен кейін оны үш жұмыс күні ішінде сот орындау үшін жауапкерге жібереді. Ал жауапкер өз кезегінде әкімшілік іс бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде шешімді орындауы тиіс. Сонымен бірге, сот шешімін орындағаны туралы сотқа хабарлауға міндетті.

«Бес саусақтың бірдей болмайтыны» сияқты, сот шешімін де дер кезінде орындамай, құжатқа жауапсыз қарайтындар да аз емес. Соған орай егер талаптар соттың шешімін белгіленген мерзімде ерікті түрде орындалмаса, сот Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 127-бабында белгіленген мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолданады. Мұндай процестік мәжбүрлеу шарасы – шешімді орындатудағы пәрменді құрал.

Жалпы, соттың шешімін, ақшалай өндіріп алу туралы соттың ұйғарымын орындамау – кодекстің 127-бабының 9-бөлігінде белгіленген мөлшерде қайталап ақшалай өндіріп алуға алып келетінін де есте ұстағанымыз жөн. Ақшалай өндіріп алу жеке тұлғаға, лауазымды адамға, заңды тұлғаға не оның өкіліне он айлық есептік көрсеткіштен 100 АЕК-ке дейінгі мөлшерде қолданылады. Ал ақшалай өндіріп алу сот процестік құқықтарын теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлел ұсынғандарға, орындалған тапсырмалар әкімшілік істі қараудың созылуына алып келген жағдайда қолданылатынын ескерген дұрыс. Судья мұндай әрекет

пен әрекетсіздік үшін он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Бұдан бөлек, соттың талабын, сұрау салуын орындамағандарға, әкімшілік іске қатысушы адам сотқа келмеген жағдайда, келмеу себебін сотқа уақытылы хабарламаған кезде, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбаған, сотта белгіленген қағидаларды бұзған, сондай-ақ, сотты және судьяны құрметтемегендерге судья 20 АЕК-ке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Соттың шешімін, соттың тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту туралы ұйғарымын орындамағандарға жауаптылық жоғары. Сәйкесінше мұндай әрекетке жол бергендерге сот 50 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Сот ақшалай өндіріп алуды қолдану туралы ұйғарым шығарған соң құжаттың көшірмесі ақшалай өндіріп алу қолданылатын адамға табыс етіледі. Ал ақшалай өндіріп алуды төлеу ұйғарым табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс. Және ол республикалық бюджетке түседі. Егер республикалық бюджетке салынған айыппұлды төлемесе, ақшалай өндіріп алу қолданылған тұлға апелляциялық шағым бере алмайды. Осы ретте жауапкерлер мынаны да ескергені дұрыс. Айталық ақшалай өндіріп алу қолданылған тұлға оны төлеуден босату немесе ақшалай өндіріп алу мөлшерін азайту туралы өтінішхатпен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл тараптардың өз құқығын қорғауына, өз мүддесін білдіруіне көмектеседі.

Жалпы, ақшалай өндіріп алу түріндегі мәжбүрлеу шараларын қолдану әкімшілік сот ісін жүргізуге қатысушылардың заң мен сотқа құрметпен қарауын қалыптастыруға ықпал етеді, сондай-ақ, бұл әкімшілік істер бойынша сот талқылауының толықтығын қамтамасыз ететін басты тетік болып табылады.

Марат ОНЛАСОВ,
Түркістан облыстық мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.1.2023 ж. жіберілді. Басуға 20.1.2023 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 1. Таралым 1012.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: zanreklama@mail.ru

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: zanreklama@mail.ru

Баспахана мекенжайы:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»